



ТАРИХИ ӘРІ ТҰҒЫШ САММИТ

көпжақты
ынымақтастық
көкжиегі

2



КҮНШЫҒЫСТАҒЫ КҮРМЕУ

Үшжақты кездесу
қайта жалғаса ма?

3

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №142 (6435) 28 қараша, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Қазақстан Ақтау және Құрық порттарын дамытуды көздейді

Кездесу барысында Президент Ақтау және Құрық порттарын дамытуды Қазақстан стратегиялық мақсат етіп отырғанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мұхаммед Жуму әл-Шамиси Abu Dhabi Ports Group компаниясының көлік-логистика саласындағы бай тәжірибесін ескере отырып, осы саладағы өзара тиімді қарым-қатынастың перспективасын талқылады.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Abu Dhabi Ports Group компаниясының басқарушы директоры Мұхаммед Жуму әл-Шамисиді қабылдады

Мемлекет басшысы Қазақстан мұнайын Орта дәліз арқылы Әзербайжанға тасымалдау жөніндегі «ҚазМұнайГаз» компаниясы мен ADP арасындағы ынтымақтастықты оң бағалады. Еуразияны Шығанақпен, Африкамен және Үндістанмен байланыстыратын «Солтүстік –

Оңтүстік» бағдарының әлеуетін пайдалану жоспары туралы айтты. Оның пікірінше, 2027 жылға қарай аталған бағыттың жүк өткізу қабілеті кемінде 70 пайызға артып, 9 миллион тоннадан 15 миллион тоннаға дейін ұлғаюға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан

темір жолы» мен ADP арасында бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі уағдаластықты ерекше атап өтіп, бұл жобалардың табысты жүзеге асырылуына тілектестік білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

АЛМАТЫ – ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

республикалық жедел-алдын алу шарасы өтіп жатыр

Ұлттық баспасөз клубында Алматы қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі, полиция полковнигі Салтанат Әзірбектің қатысуымен қаланың қауіпсіздігі мәселесі бойынша баспасөз мәслихаты өтті.

20–30 қараша аралығында қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында «Қауіпсіз қала» республикалық жедел-алдын алу шарасы өтіп жатыр.

Құқықтық науқан қаладағы вандализм, мүліктік залал, ұсақ бұзақылық, жол қозғалысы қауіпсіздігі, тұрмыстық зорлық-зомбылық, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты заңбұзушылықтарды анықтап, өзге де құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.

Спикердің айтуынша, қаланың криминалға ахуалы тұрақты және толық бақылауда. Ауыр және аса ауыр қылмыстар саны төмендеді. Кісі өлтіру – 48,9%, тонау – 2,4 есе, денсаулыққа ауыр зиян келтіру – 18,1, зорлау – 27,1 %, интернет алаяқтық – 1,5%, тонау – 8,2%-ға, оның ішінде ауыр тонау – 7,6%-ға, ұрлық – 38,9%-ға, оның ішінде ауыр ұрлық 2 есе, пәтер ұрлығы 8,6%, бұзақылық 4,4 есе, оның ішінде ауыр бұзақылық 2,2 есе,



алаяқтық 12,7%-ға, оның ішінде ауыр 10,3%-ға, сондай-ақ жасалған қылмыстар: мас күйінде 8,3%, отбасылық-тұрмыстық 20,6%-ға азайды.

Осы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша есірткіге қатысты 585 құқықбұзушылық анықталды. Соның ішінде 183 өткізу фактісі тіркелген.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

9

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.11.2023

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

29.11.2023

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ТАРИХИ ӘРІ ТҰҢҒЫШ САММИТ

КӨПЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ

«Алматы ақшамының» өткен санында Жоғары мемлекетаралық кеңестің құрылуы қазақ-әзербайжан қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтерген тарихи оқиға болғанын айттық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бакуде өткен БҰҰ-ның Орталық Азия экономика-ларына арналған Арнайы бағдарламасына (СПЕКА) қатысушы мемлекеттер басшылары-ның бірінші саммитіне қатысатынын хабарлап, оқырмандарымызды ақпараттандыруды осы санның еншісіне қалдырған едік. Сондықтан аймақ үшін маңызы зор осынау тарихи әрі тұңғыш саммиттегі ел Президентінің сөйлеген сөзі бойынша әзірленген ақпараттық топтаманы назарларыңызға ұсынамыз.

Ашықтық, өзара құрмет пен сенім қағидаттары

Президент тұжырымдағандай, Қазақстан 1997 жылы БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы бағдарламасын құруға бастамашы болды. Қазіргі уақытта бұл бағдарлама өңірлік ынтымақтастықты кеңейту және жаһандық экономикалық процестерге қосылу тұрғысынан тиімді платформаға айналған. Арнайы бағдарламаның 25 жылдығына орай ұйымдастырылып отырғандықтан, бұл саммиттің символдық мәні зор. Былтыр Қазақстанның төрағалығы аясында Бағдарламаның негізгі бағыттары жөніндегі ықпалдастық нығайтып, оны жүзеге асыру үшін маңызды шаралар қабылданды. Ал СПЕКА-ны дамытуға, сондай-ақ Орталық Азия мен Кавказ өңірінің ынтымақтастығын нығайтуға Әзербайжан Республикасының қосқан үлесін Қазақстан жоғары бағалайды. СПЕКА-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының бүгінгі тарихи әрі тұңғыш саммиті атқарылған ауқымды жұмыстың түйіні болмақ. Геосаяси тұрғыда бөлшектену белең алып, жаһандық экономиканың конъюнктурасы құбылып тұрған қазіргі жағдайда Арнайы бағдарламаның мән-маңызы арта түспек. Бұл кездесу нәтижесінде ашықтық, өзара құрмет пен сенім қағидаттарына негізделген көпжақты ынтымақтастық көкжиегі кеңейетініне сенім білдірген Қасым-Жомарт Тоқаев Орнықты даму қағидаттары мемлекеттердің ұлттық стратегиялары мен бағдарламаларының өзегіне айналғанын айтып, СПЕКА-ны одан әрі дамыту жөніндегі ой-пайымдарымен бөлісті.

– Сауда мен өзара тиімді кооперацияны кеңейтуге елдеріміздің мүмкіндігі мол. Қазірдің өзінде Қазақстан мен СПЕКА-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы тауар айналымы қарқынды түрде өсіп келе жатқаны байқалады. Былтыр өзара сауда көлемі үштен бір есе артып, 10 миллиард долларға жуықтады. Таяу келешекте бұл көрсеткішті екі есе арттыруға толық мүмкіндігіміз бар деп санаймын. Біз бір-бірімізді бәсекеге қабілетті бағаға сай түрлі тауарлармен қамтамасыз ете аламыз. Осы арқылы өзге елдерден келетін импортты қысқартуға болады. Қазақстан СПЕКА елдеріне жалпы сомасы 2,3 миллиард доллар болатын 175 шикізаттық емес тауар түрінің экспортын ұлғайтуға дайын. «Жасыл» дәліздер жасау, түрлі кедергілерді алып тастау сауда-саттық жөніндегі ынтымақтастығымызға, соның ішінде құрылыс, химия және тамақ өнеркәсібі салаларындағы ықпалдастығымызға тың серпін береді. Сонымен қатар, біз серіктестеріміздің тиісті ұсыныстарын қарастыруға дайынбыз, – деді Мемлекет басшысы.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік

Өндіріс саласында тең негізде ауқымды жобаларды жүзеге асыру аймақ мемлекеттерінің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін



нығайта түспек. Қазақстан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде СПЕКА елдерімен белсенді жұмыс істеуге ниетті. Бұл ретте өзара инвестициялық ынтымақтастықты ынталандыратын құралдарды ойлап табуға айрықша мән берген жөн. Мемлекет басшысы экономикалық даму мен интеграцияға ықпал ету үшін БҰҰ аясында СПЕКА арнайы қорының (trust fund) негізін қалау аса өзекті деп санайды. Арнайы бағдарламаның маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан Қорға қаржылай үлес қосуға әзір. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, аймақ бүгінде халықаралық көлік-транзит бағыттарын дамыту және әртарап-тандыру ісінде өте маңызды рөл атқарады. Шын мәнінде, СПЕКА елдері Еуропа мен Азия арасындағы құрлықаралық көпірге айналды. «Бұл – орасан зор мүмкіндік. Оны дамыта түсуіміз керек. Бұл ретте халықаралық Транскаспий көлік бағытын өркендетуге үлкен үміт артамыз. Орта дәлізді «Бір белдеу, бір жол» жобасымен, сондай-ақ Трансевропалық көлік желісімен (TEN-T) және Global Gateway стратегиясымен ұштастырудың әлемдік саудаға мультипликативті әсері зор болатынына сенімдімін. Бұған қоса, Қазақстан «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін дамыту үшін белсенді ынтымақтастыққа дайын. Соңғы 15 жылда еліміз көлік инфрақұрылымына 35 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. Алдағы үш жыл ішінде 1300 шақырымнан астам теміржол салуды жоспарлап отырмыз. Бұл Қытай, Оңтүстік Азия, Ресей және Еуропа бағыттарына жүк өткізу әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Барлық серіктесті

Каспий теңізіндегі порттардың қуатын арттыру, сондай-ақ жүк кемелерін бірлесе өндіру үшін ынтымақтаса жұмыс істеуге шақырамын. БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы мен ЭСКАТО тарапынан техникалық және сараптамалық тұрғыдан белсенді қолдау күтеміз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Экологиялық ынтымақтастық

Президент экология мен климат проблематикасына айрықша мән берді, сондай-ақ трансшекаралық су ресурстарын басқару жөніндегі бірлескен ғылыми-зерттеу және қолданбалы зерттеу жұмыстарын бастау маңызды деп есептейді. Оның айтуынша, бұл мәселенің СПЕКА елдерінің бәріне де қатысы бар. Бұл ретте бір ғана мемлекеттің жалғыз өзі табысқа жетуі мүмкін емес. Арал қасіреті – соның айқын дәлелі. Оның ауыр салдарын Орталық Азия елдері ғана емес, одан тысқары жерлер де сезініп отыр. Келесі жылы Қазақстан Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде бір кездері әлемдегі ең ірі тұйық су айдындарының бірі болған Арал маңындағы қоршаған орта деградациясының алдын алу жұмыстарын күшейтуге ерекше мән бермек. Каспий теңізіндегі күрделі экологиялық ахуал да алаңдаушылық туғызады. Теңіздің табаны тайызданып, оған құятын өзен суларының мөлшері күрт азайды. Биоресурстар қысқарып, антропогендік ластануға ұшырап жатыр.

Сондықтан Каспийді құтқару ұзақ-мерзімді халықаралық ынтымақтастықтың

басымдығына айналуға тиіс. Ол барлық мүдделі тарапты осынау бірегей су айдынының жағдайын жақсарту үшін ортақ іс-қимыл жоспарын әзірлеуге шақырды. «Өзара тиімді ынтымақтастығымыз Каспийдің бейбітшілік және мүмкіндіктер теңізі ретіндегі мәртебесін нығайта түсетініне сенімдімін», – деді Президент.

Алматыда Орталық Азия елдерінің жобалық кеңсесі құрылады

Қасым-Жомарт Тоқаев 2060 жылға қарай Қазақстан көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді мақсат етіп отырғанын мәлімдеді. Осы ретте Президент СПЕКА мемлекеттерінің басшыларын баламалы энергия көздеріне көшу мәселесінде бірлескен іс-әрекетті жандандыруға және Алматыда Орталық Азия елдерінің климат мәселелері жөніндегі жобалық кеңсесін құру бастамасын қолдауға шақырды.

– Цифрлық технология және жасанды интеллект саласындағы ықпалдастық кең мүмкіндіктерге жол ашады. Жасанды интеллектің дәйекті дамуы өндірісті, еңбек нарығын және қызмет көрсету саласын трансформациялау үшін бізге аса маңызды міндет жүктеп отыр. Еліміздегі мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы электронды түрде көрсетіледі, ал қолма-қол ақшасыз транзакциялардың үлесі 80 пайыздан асты. Тек өткен жылдың өзінде IT саласындағы экспорт көлемі бес есе артты. Біз бұл көрсеткішті 2026 жылға қарай бір миллиард долларға дейін жеткізуді көздеп отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Заманауи сын-қатерлер: достық және стратегиялық серіктестік

Астананың СПЕКА-ны институционалдандыру процесін қолдайтынын айтқан Президент мұның өзі аймақ елдері арасындағы көпжақты сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты тиімді ілгерілету үшін аталған бағдарламаның орасан зор әлеуетін толық пайдалануды көздейтінін негіздеді. СПЕКА-ның арнайы жұмыс тобын құру жөнінде бастама көтерді. Алдағы жылы маусым айында елімізде өтетін кезекті Астана халықаралық форумы аясында СПЕКА-ның панельдік сессиясын ұйымдастыруды және СПЕКА-ның алдағы саммиттерінің бірін өзара келісілген уақытта Қазақстанда өткізуді ұсынды.

Жоғары деңгейдегі бұл жиын бұрын-соңды болмаған заманауи сын-қатерлерге бірлесе жауап іздеу үшін әлемдік қауымдастықтың күш-жігерін жұмылдыруға бағытталған. Ал тарихи әрі тұңғыш бұл Саммит Арнайы бағдарламаның тиімділігін арттыру үшін нақты механизмдер әзірлеуге мүмкіндік бермек, сондай-ақ елдер арасындағы достық және стратегиялық серіктестікті нығайта түсері сөзсіз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

ҚАЗАҚСТАН – ӘЗЕРБАЙЖАН: цифрлар мен фактілер

- 2023 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы сауда көлемі 417,4 млн долларға жетті.
- Қазақстаннан Әзербайжанға экспорт көлемі 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекте 256,2 млн доллардан 40,5%-ға өсті. Аталған кезеңде Әзербайжаннан импорт көлемі 57,3 млн долларды құрады.
- Алюминий экспорттың жалпы көлемінің 30%-ын ала отырып, Қазақстанның Әзербайжанға негізгі экспорттық тауарына айналды.
- Бұдан басқа, Қазақстан Әзербайжанға мұнай өнімдерін, бидай, рельстер, металпрокат, аккумуляторлар, теміржол вагондары, нан және ұн өнімдері, макарон, маргарин және т.б. жеткізеді.
- Әзербайжаннан импортталатын негізгі тауарлар қатарларына кара металдардан жасалған құбырлар мен профильдер (16,2 млн доллар), паромдар мен круиздік кемелер (11,6 млн доллар), ауызсу, оның ішінде минералды және газдалған су (9,3 млн доллар) жатады. Аталған үш тауар тобы Әзербайжаннан келетін барлық импорттың 64,8%-ын құрайды.
- 2023 жылдың I жартыжылдығында Әзербайжаннан Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы арды құрады.
- Қазақстанға Әзербайжан инвестицияларының негізгі бөлігі энергетика секторында, атап айтқанда, мұнай-газ саласында шоғырланған.
- Каспий теңізінің түбіне талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) төсеу жобасы тараптар іске асыратын аса маңызды жобалардың бірі.

(Ақпарат көзі: ҚР Ұлттық экономика министрлігі).



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

Экологиялық қауіп:

ЖАҒАНДЫҚ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІС

Әлемде табиғаттың ластануымен күрес қалай жүріп жатыр?

Қазір климаттың өзгеруі тақырыбы жайлы күнде естиміз. Бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілерде экологиялық мәселелер туралы ақпарат беруде. Ауаның, су және топырақтың ластануы, флора мен фаунаың азаюы және өзге де мәселелер айтылуда. Бірақ біз оның шынайы қауіп екенін сезбей келеміз. Дегенмен, Қазақстан үшін экологиялық қауіп бар. Оның зардабын Семей полигонынан, Арал теңізінің тартылуынан көріп отырмыз. Ендеше, әлемде климаттың өзгеруімен қалай күрестіп жатыр және азаматтық қозғалыстардың рөлі қандай деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.



«БҰҰ әлемді тозақтан құтқару үшін құрылған»

Климаттың өзгерісі тек Қазақстанның ғана емес, әлем елдерінің бас ауыртар мәселесі. Себебі, әлем бұрынғыдан гөрі жаһанданған. Жер шарының бір нүктесіндегі табиғи апат өзге елдерге әсер етпей қоймайды. Яғни «көбелек эффектісі» әсер етеді. Мысалы, Арал теңізінің жағалауындағы тұздар Гренландия мұздықтарынан табылған. Хиромисима АЭС-індегі жарылыс тек Жапонияға ғана емес, көрші елдерге де кері әсер етті. Тек адам мен флора, фаунаға ғана емес әлемдік экономика да зардап шекті. Балық экспортынан көшбасшылардың бірі саналатын Жапонияның табысы түсіп кеткен. Себебі, апаттан соң әлем елдері балық импортына шектеу қойды.

Әлемнің осылайша жаһанданғанын ескерсек, экологиялық мәселелермен жұмыла күрескен жөн. Бұл істе әсіресе, БҰҰ-ның рөлі зор. Осы орайда, БҰҰ-ның Бас хатшысы болған Даг Хаммершельдтің мына сөзі еске түседі: «БҰҰ әлемде жұмақ орнату үшін емес, оны тозақтан құтқару үшін құрылған». Әлемдік деңгейдегі ұйымдағы құрылымдық дағдарысқа қарамастан оның рөлін жоққа

шығара алмаймыз. Ең бастысы, БҰҰ түрлі мемлекеттердің диалог алаңына айналды.

Климаттық өзгеріс мәселесі БҰҰ деңгейінде 1990 жылдардан көтеріле басталды. 1992 жылы «Климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар ұйымының негізгі Конвенциясы» қабылданды. Рио-де-Жанейрода өткен «Жер саммитінде» алғаш рет климаттың өзгерісіне қарсы жаһандық деңгейдегі күрес басталды. Құжаттың басты мақсаты — ауаны ластайтын улы бөлшектердің көлемін азайту үшін күрес.

Конвенцияның тағы бір ерекшелігі — дамыған елдердің климаттың өзгерісімен күресте жауапкершілікті өздеріне алу қағида-сының пайда болуында еді. Себебі, қазірге дейін де индустриалды дамыған елдерде ауаны ластайтын бөлшектер көбірек шығады. Бұл қағида алдағы келісім-шарттарда да көрініс тапты.

Келісімге қол қойған мемлекеттерді 3 топқа бөлді: Қосымша I, Қосымша II және дамушы мемлекеттер. Бірінші қосымшаға Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдері кірді. Олар ауаны ластағыш бөлшектерді төмендетуге міндеттелді. Екінші қосымшаға да ЭЫДҰ елдері

енді. Олар дамушы және өтпелі экономикасы бар мемлекеттерге қаржылай қол ұшын беруге келісті.

1997 жылы Киото протоколы қабылданды. Енді 192 мемлекет ауа ластайтын газды азайтуға уағдаласты. Ал 2015 жылы Париж келісімі жасалды. Ол бойынша келісімге қол қойған мемлекеттер осы ғасыр соңына дейін ауаның температурасын 2 °C -та ұстап тұруды мақсат етті.

Азаматтық белсенділік пен жауапкершілік

Климаттың өзгерісімен тек жаһандық, аймақтық ұйымдар мен жеке мемлекет ғана емес, азаматтар да күресуі қажет. Табиғи ресурстарды үнемдеу арқылы да климаттың өзгерісімен күресуге болады. Бірақ ол үшін азаматтардың белсенділігі қажет. Белсенділік тек саналы түрде табиғатты аялаудан ғана көрініс таппайды. Экологиялық қозғалыстар, партиялар мен белсенді азаматтардың талаптары да қажет.

Еліміздің тарихында экологиялық қозғалыстар болған. 1985 жылы КСРО бас хатшысы Михаил Горбачевтың саяси реформалары-

нан кейін жер-жерде азаматтардың белсенділігі артты. Сол кезде «Невада-Семей» антиядролық қозғалыс пайда болды. 1989 жылы 28 ақпанда қозғалыстың негізін Олжас Сүлейменов қалады. Оның антиядролық қозғалыстың жаһандық деңгейге көтерілуіне қосқан үлесі зор. Қозғалыс тек қана еліміздің халқын ғана емес, Жоғарғы Кеңес депутаттары мен АҚШ азаматтарын да өз сапына қосты. Сөйтіп, 1991 жылы 29 тамызда Семей полигоны жабылды. Бірнеше ондаған жыл бойы ядролық сынақ өткен еліміздің шығыс өңірі азат болды.

Тәуелсіздік алған соң Олжас Сүлейменовтің есімі қоғамдық-саяси кеңістікте өше бастады. Ал енді Әділетті Қазақстанды құру барысында оның есімі қайта атала бастады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республика күніне орай мемлекеттік наградалар мен сыйлықтарды салтанатты түрде тапсыру рәсімінде сөйлеген сөзінде өткен заманның қайраткерлеріне, олардың еңбегіне лайықты, әділетті баға беріп отыруымыз керек деп мәлімдеді. Олардың қатарында Олжас Сүлейменов те бар. Мұндай есімдер Президент атаған тұлғалармен ғана шектелмейтіні рас. Сондықтан ұмыт қалған есімдерді жаңғырту қажет.

Әлемде экологиялық қозғалыстардың пайда болғанына біршама уақыт өтті. 1815 жылы Ұлыбританияда «Қауымдық жерлерді сақтау қоғамы» ұйымы құрылған. 1854 жылы Францияда жануарларды қорғау ұйымы пайда болды. 1872 жылы АҚШ-та әлемдегі алғашқы ұлттық саябақ ашылды. Ол бәрімізге белгілі Еллоустон саябағы.

Экологиялық мәселелерді әлемде көтеріп жүрген азаматтық белсенділер де баршылық. Жас шведиялық эко-белсенді Грета Тундергтің есімін естімеген адам жоқ шығар. Оның жас екенін ескерсек, эко-белсенділердің жасарғанын аңғаруға болады. Бұдан алдағы болашақта экологиялық қозғалыстардың ішкі және сыртқы саясатқа, халықаралық жүйеге ықпалының арта-тынын болжауға болады.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

Шығыс Азиядағы ішкі диалог:

КҮНШЫҒЫСТАҒЫ КҮРМЕУ

Үшжақты саммит қайта жалғаса ма?

Өткен жексенбіде Шығыс Азиядағы үш ел – Жапонияның, Қытайдың және Оңтүстік Кореяның Сыртқы істер министрлері бір үстелде бас қосты. Олар үш ел арасындағы ынтымақтастықты қайта бастау, сондай-ақ, үшжақты саммитке жол ашу мәселелерін талқылады. Әлемнің қазіргідей күрделі геосаяси жағдайында күншығыс елдеріндегі бұл жағдай көптің назарын аударары анық. Ауылы жақын болғанмен, көңілі алыс көршілер көп мәселеде келіспей жататындары да бар. Сөйтсе де, тығыз экономикалық қарым-қатынастары ұдайы дамып келген. Енді міне, 2019 жылдан бері үзіліп қалған үшжақты саммиті қайта жалғастырмақ. Сонымен, Бейжіңді Сеул мен Токиоға жақындатқан қандай себеп? Күншығыстың үш биігі бір-біріне арқа сүйей ме, әлде иық тіресе ме? Бүгінгі сөз ауаны сол жақынды...

Үш тарап, тарихи дау-дамайлар

Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея әлем экономикасында айрықша орындары, әлемдік геосаяси жүрістерде елеулі салмағы бар елдер. Мәдени кеңістігі ортақ, бір-бірімен тарихи тамырлас болса да дамудың түрлі жолын таңдаған елдер. Арасынан ерте көтеріліп шыққан Жапония бір кездері Қытайды да, Кореяны да отарлағаны бар. Одан бері талай заман өтіп, бірнеше ұрпақ ауысып кетсе де қытай мен корей жұртында «анти-жапон демонстрациясы» әлі де жүріп келеді. Бұл тіпті кейде дипломатиялық қарым-қатынастарында да анық көрініп қалады. Сөйтсе де, үш ел экономикалық мүдде тұрғысынан тығыз қарым-қатынасты дамытуды қолдайды.

Өне, сондықтан да 2008 жылдан бастап үшжақты саммит өткізіп келген болатын. Сол арқылы өзара ынтымақты, экономикалық, дипломатиялық алмасуларды дамытуды

көздеген. Алайда, үш тараптың ұдайы ойы бір жерден шыға бермеді. Кейбір тарихи дау-дамайлар өрши түскен кезде үшжақты саммит тоқтап қалып отырды. Соңғы рет бұл саммит 2019 жылы өткен еді. Сауда соғысы, екіжақты келіспеушіліктер, сондай-ақ пандемия себебінен үшжақты саммиті 4 жылдық үзіліске ұшырады. Тіпті, кезекті басқосу үш ел Сыртқы істер министрлерінің соңғы 4 жылдағы алғашқы бетпе-бет жолығуы. Өткен жексенбіде, 26 қараша күні Оңтүстік Корея Сыртқы істер министрі Пак Джин, Жапония Сыртқы істер министрі Його Камикава және Қытай Сыртқы істер министрі Ван И үшеуі Корей жерінде бас қосты.

Аймақтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қауіп қайдан?

Үш елдің СИМ жетекшілері кездесуге қыркүйек айында келіскен еді. Ал бұл жолғы кездесуге қатысты үш тараптың мәліметтерінде айырмашылықтар бар. Ол, әрине, заңды да, әр тарап өзіне қажетті тұсын көрнекілендіре түседі. Оңтүстік Корея СИМ-нің мәліметтеріне қарағанда тараптар үшжақты қарым-қатынасты қалпына келтіру бойынша талқылаған. Сондай-ақ, аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздік мәселесі бойынша да пікір алмасқан. Оңтүстік Корея тарапы жиын аясында Солтүстік Кореяны барлау спутнигін ұшырғаны үшін айыптаған. Тіпті, Пионяңмен (Пхеньян) Мәскеу арасындағы қару-жарақ тақырыбын да айыптаған. Өрі Оңтүстік Корея тарапы бұл кездесу арқылы солтүстік көршісіне үшжақты ортақ жауап беруге келісім алғанын мәлімдеді. Былайша айтқанда, Солтүстік Кореяның қадамдарын аймақтың тұрақтылығы пен қауіпсіздігіне қатер төндіреді деп мәмілеге шақырған.

Бұдан тыс тараптар өзара қарым-қатынастарындағы мәселелер бойынша да пікір алмасқан. «Киодо» ақпарат агенттігінің хабарлауынша, жапон СИМ жетекшісі Його Камикава Сеул Жоғарғы сотының Жапонияға қатысты шығарған сот үкіміне наразылығын жеткізген. Сеул соты осыған дейін соғыс кезінде жапон әскерлерінен жыныстық зорлық көрген әйелдер ісі бойынша үкім шығарып, Жапония төлем төлеуі тиіс деген қорытынды шығарған болатын. Жалпы,

соғыс кезіндегі мұндай мәселелер бойынша екі ел арасында ұдайы дау туып отырады. Бұл ретте де Камикава мырза Сеул билігінен тиісті шара қолдануын талап еткен.

Жапония Сыртқы істер министрі Його Камикава бір күн бұрын, яғни 25 қараша күні Қытай СИМ жетекшісі Ван Имен екіжақты кездесу өткізген еді. Осы кездесуден кейінгі мәлімдемесінде Токио мен Бейжің көп өтпей қауіпсіздік диалогын өткізуі мүмкін екенін жеткізген. Кездесуде Ван И да тараптардың диалог арқылы өзара түсінісін қолдайтынын жеткізген. Қытай бас дипломаты Бейжің мен Токио «бір-бірінің заңды алаңдаушылығын» құрметтей отырып, «бір-біріне қауіп төндірмейтінін» түсіндіру қажет деген. Оңтүстік Корея мен Жапония тарихи себептер мен сауда дауларынан бүлінген қарым-қатынасты қалпына келтіру үшін биыл батыл қадамдар жасады. Екі елдің үкімет жетекшілері жоғары деңгейде кездесу өткізді. Тіпті, тамыз айында АҚШ президенті Байденмен бірге тарихи үшжақты саммит өткізді.

Әскери әлеует, айбарлы одақтас...

Саяси жүйесі ұқсамағандықтан, Бейжің іргесіндегі либерал-демократия құндылықтарына ұмтылатын елдерді ұдайы сынап келетін. Ал Оңтүстік Корея да, Жапония да Қытайдың арта түскен әскери әлеуетіне байланысты ұдайы алаңдаушылық білдіріп келген. Оның үстіне Бейжің пен Пионяң арасының жақындығы да Сеул мен Токио үшін сергек қарайтын мәселе болған. Дегенмен, Сеул мен Токионың мұхиттың арғы жағында жатқан айбарлы одақтасы бар екені бәріне белгілі. АҚШ Шығыс Азиядағы екі маңызды одақтасын естен шығарған емес. Олармен тығыз одақтастық қарым-қатынасты сақтап келеді. Әрине, АҚШ-тың бұл әрекеттері Қытайға ұнай қоймайды. Жаз айларында Қытай СИМ жетекшісі Ван И АҚШ әрекетін сынап мәлімдеме де жасаған. Онда Құрама Штаттардың Шығыс Азиядағы көршілермен қарым-қатынасын бұлай дамыта беруі аймақтағы шиеленіс пен қақтығыс қаупін күшейтеді дегені бар. Бейжің өзінің стратегиялық басты қарсыласын аймақтан ығыстыру үшін іргесіндегі көршілеріне назарын қайта салды. Үзіліп қалған диалог алаңын қайта жалғап, аймақтық ішкі ынтымақты дамытуға шын ниет танытты. Тұрасын айтқанда, бұл да стратегиялық әріптесіне қарсы жасаған мүдделі әрекеті. Дегенмен, қуатты экономикаға ие елдердің диалогты кеңейтуі аймақ үшін де, біз үшін де тиімді.

Естай БОЖАН, сарапшы.





ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Көлік-транзиттік әлеует:

МАҢЫЗДЫ МЕГАЖОБА

Қазақстан мен Өзбекстанды жаңа теміржол байланыстыратын болады

Елімізде Дарбаза – Мақтаарал жаңа теміржол желісінің құрылысы басталды. Түркістан облысында қолға алынған бұл теміржол желісінің ұзындығы – 152 шақырым.

Ірі инфрақұрылымдық жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша іске асып жатыр және республиканың көлік-транзиттік әлеуетін одан әрі дамытуға бағытталған. Оның аясында қазақ-өзбек мемлекеттік шекарасы арқылы жаңа өткізу бекеті ашылады.

Жалпы, жыл басынан бері Қазақстан мен Өзбекстан арасында жүк тасымалының көлемі 25,8 млн тоннаны құрады. Негізгі жүк ағыны бүгінде өткізу мүмкіндіктерін толығымен пайдаланып отырған «Сарыағаш» мемлекетаралық торап станциясы арқылы өтеді. Жаңа теміржол желісін салу қолданыстағы Сарыағаш–Ташкент учаскесінен жүктерді жаңа тармаққа қайта



- Үкімет теміржол инфрақұрылымын дамыту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде. Достық–Мойынты учаскесінде екінші жол және Алматы айналыс жаңа теміржол құрылысы жүріп жатыр.
- Жақын арада Қытаймен үшінші халықаралық торапқа шығатын Бақты–Аягөз жаңа т/ж желісі бойынша жұмыстарды бастау жоспарланып отыр.
- Барлығы үш жыл ішінде республикада 1300 шақырымнан астам теміржол салынады.

бағдарлауға, «Сарыағаш» станциясының жүктемесін азайтуға және жалпы Өзбекстан бағытында экспорттық тасымалдарды ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, жоба Түркістан облысының республиканың негізгі теміржол желісімен қосылуы есебінен оның дамуына ықпал ететін болады. Жоба екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең «Сырдария» станциясына шығатын Өзбекстанның мемлекеттік шекарасы – Ердаут–Мақтаарал желісін салуды көздейді. Екінші кезеңде Жетісай – Өзбекстанның мемлекеттік шекарасы тармағын пайдалануға беру көзделген. Барлығы 152 км теміржол төсемі салынады. Жоба үшін 19,7 мың тонна рельс, сондай-ақ 280 мың темірбетон шпал мен рельс бекіткіш сатып алу жоспарланып отыр. Жаңа теміржол құрылысы 3400 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Жобадағы қазақстандық қамту үлесі – 85%-ды құрайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлихан СМАЙЫЛОВ,
ҚР Премьер-министрі:

ДАРБАЗА–МАҚТААРАЛ жаңа теміржол желісін салуды бастаймыз

Теміржол – мемлекетіміздің экономикалық және әлеуметтік өмірінің дамуын қамтамасыз ететін болат артериялар. Өткен жылы теміржолдармен Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығындағы ең жоғары жүк көлемі тасымалданып, ол 245 млрд тонна-километрді құрады. Мұндай қарқындар геосаяси жағдайларға және инфрақұрылымдық шектеулерге қарамастан биыл да сақталып отыр. Осы жылдың соңына дейін Өзбекстанның қатысуымен жүктерді тасымалдау көлемі шамамен 31 млн тоннаны құрайды деп болжануда, бұл өткен жылмен салыстырғанда 16%-ға артық. Осы учаскенің өткізу қабілетін кеңейту, сондай-ақ еліміздің экспорттық және транзиттік әлеуетін арттыру үшін ірі теміржол жобасы – Дарбаза – Мақтаарал жаңа желісін салуды бастаймыз.

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,
«КТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Дарбаза–Мақтаарал желісі Түркістан облысының шалғайда орналасқан Мақтаарал және Жетісай аудандарын Қазақстанның қалған бөлігімен байланыстырады. 9 станция салынады. Бұл теміржол Қазақстаннан осы аудандарға және сол аудандардан Қазақстанға жүктердің тікелей жіберілуін қамтамасыз етеді. Себебі, қазір олар Өзбекстанмен шекарадан өтуге мәжбүр. Бұл осы аудандардың дамуына әсер етеді. Құрылыстан кейін олар жаңа серпін алады. Ауғанстан, Иран, Тәжікстан және Өзбекстанға келетін жүктер осы жолмен тезірек өтеді. Оған қоса Сарыағаш–Ташкент учаскесіндегі кептеліс азаяды. Соңғы жылдары жүк көлемі көп болды. Осы орайда олардың біразы уақытында берілмей жатады, себебі бұл буын мұндай жүк көлеміне арналмаған. Соңғы екі-үш жылда жүктеме күрт өскен. Құрылыс осы негізгі учаскенің жүктемесін азайтуға және жолаушылар пойыздарын басқаруға көмектеседі. Қазіргі уақытта Пәкістан арқылы Үндістанға теміржол құрылысы талқылануда. Дарбаза–Мақтаарал желісін іске қосу Қазақстанның осы стратегиялық бағытты дамытуға қосқан елеулі үлесі болмақ. Біз жүк ағыны қосымша 10–14 млн тоннаға артады деп болжап отырмыз. Ал болашақта 20–25 млн тоннаға дейін өсуі мүмкін. Бұл учаске Ташкент торабын айналып өтіп, жүктерді екі бағытта да тезірек тасымалдайтын болады.

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер:

ЭЛЕКТРОМОБИЛЬДЕРГЕ ЖЕҢІЛДІК

Бажсыз өткізу мерзімі ұзартылды



Мәскеуде өткен ЕЭК кеңесінің кезекті отырысында одақ елдерінің интеграциясындағы кедергілерді жоятын және сауда-экономикалық қатынастарын жеңілдететін бірқатар шешім қабылданды.

Қазақстан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің мемлекеттік сатып алулары аясында алынатын тауарлардың тізбесін кезең-кезеңмен кеңейтуде. Тізім тағы бір позицияға кеңейді – бұл киім-кейшек пен керек-жарақтар, оның ішінде қолғаптар, резеңке қолғаптар бар. Еске сала кетейік, биыл отандық кәсіпкерлердің ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің 63 тауар түрі бойынша мемлекеттік сатып алуларына қолжетімділігі қамтамасыз етілді. Бұдан басқа, өндірістік және технологиялық операциялардың бірыңғай шарттары көзделмеген 276 тауар позициясы бойынша СТ-1 сертификатын пайдалану мүмкіндігі 1 жылға ұзартылды.

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кедендік шекарасы мен аумақтарында ветеринариялық бақылауды жүзеге асырудың бірыңғай тәртібіне өзгерістер енгізілді. ЕЭК кеңесі 2024 жылға арналған ЕАЭО елдеріне сиыр етін бажсыз өткізу квоталарын бекітті. Қазақстанда еттің осы түрінің өндірісі ішкі қажеттілікті іс жүзінде толығымен жабатынын ескере отырып, еліміз үшін квота мөлшері ең төменгі 5 мың тонна көлемінде айқындалды. Импортталған сиыр етінің қосымша көлемі өңдеуге бағыттала-тын болады. Бұл шара еліміздегі шұжықтар мен басқа да ет өнімдерінің құнын арзандатуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Екі жылға (2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерге электромобильдерді бажсыз өткізу ұзартылды. Бұл электромобильдер нарығын одан әрі дамытуға, зарядтау инфрақұрылымын дамытуға және ірі қалалардағы экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді.

Қоғамдық палатаның көшпелі отырысы:

Алматыда Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның көшпелі отырысы өтті. Жиын Қазақстанның медиа нарығын дамыту мәселелері бойынша жыл сайынғы XV «Media Құрылтай 2023» салалық конференциясы аясында ұйымдастырылды.

Мәжілістің баспасөз қызметінен хабарлағандай, депутаттар мен сала мамандары «БАҚ туралы» заң жобасын талқылады. Қоғамдық палата отырысына Мәжіліс депутаты Айдос Сарым төрағалық етіп, Парламент депутаттары мен Қоғамдық палата мүшелері, тиісті министрлік өкілдері, қазақстандық БАҚ басшылары, қоғам қайраткерлері мен сарапшылар қатысты. Айдос Сарым саланың мәселелерімен етене таныс мамандар бас қосатыныныңдыктан «Масс-медиа туралы» заң жобасын талқылау алаңы ретінде «Media Құрылтай» конференциясы таңдалғанын атап өтті. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Ысқақов жаңа заңда отандық медиа саласының дамуына сапалы серпін беретін бірқатар жаңалық қарастырылғанын айтты. Атап айтқанда, журналистерді құқықтық қорғау мақсатымен БАҚ материалдарының ескіру мерзімі енгізілген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қанат ЫСҚАҚОВ,
Мәдениет және ақпарат вице-министрі:

МҰРАҒАТТАРДЫ САҚТАУҒА МІНДЕТТЕЙДІ

Қолданыстағы заңнама медиақауымдастықты мұрағаттарды сақтауға міндеттейді. Өйткені, кез келген азаматтың ар-намысын қорғау туралы талаппен сотқа жүгінуге құқығы бар және осы немесе басқа жарияланымдарға сәйкес еңбегі бірнеше жыл бұрын жарияланған болуы мүмкін. Біз бұл кезеңді үш жылмен шектейміз. Осы тұста айта кететін жайт, Мәдениет және ақпарат министрлігі оның қосымша қысқартылуына қарсы емес. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарының өтініштерінің түрлері мен оларға жауап беру мерзімдерінің нақты градациясы белгіленеді. Гранттық қаржыландыруға көшу жоспарланып, ресми отандық спутниктік құрылғыларды субсидиялау енгізіледі. Қазақстандағы БАҚ саласының жай-күйін бағалау және журналистердің құқығы мен бостандығына мониторинг жүргізу үшін жыл сайын тиісті ұсыныстар әзірленіп, Ұлттық баяндама дайындалатын болады. Сонымен қатар, аккредиттеу процесітерін автоматтандыру үшін баспасөз карталарын енгізу ұсынылды.

МАСС-МЕДИА туралы заң жобасы талқыланды



Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА,
Мәжіліс депутаты:

ОРТАҚ РЕТТЕЛГЕН ТӘРТІП негізделуі қажет

Үкіметтен келген нормада журналистерді аккредиттеу, жеңілдетілген аккредиттеу және баспасөз картасы атты ұш ұғым берілді. Біз негізгі толыққанды бір ұғым, яғни аккредиттеуді қалдыруды сұраймыз. Себебі, ол ортақ реттелген тәртіпке негізделуі қажет. Егер оның жеңілдетілген, онлайн немесе басқа да түрлері болса, азаматтар арасында түсініспеушілік, журналистер арасында теңдік мәселесіне қатысты сұрақтар туындайды. Атап айтқанда, фракциясының депутаттары баспасөз картасы туралы норманы қолдамайды және ол норманы алып тастауға байланысты түзету енгізілді. Баспасөз картасы журналистің аккредиттеу рәсімінен өткенін растайтын құжат болып саналады. Бұл бапты «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы заңы талаптарына сәйкес келмейтіндіктен және журналистерді аккредиттеу рәсімінің қолданыстағы талабына қайшы болғандықтан толығымен алып тастау ұсынылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: primeminister.kz; ortcom.kz; www.parlam.kz).



● ПРЕЗИДЕНТТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР?

Жаңа тарихи кезең:

«АУЫЛ АМАНАТЫ»

жобасы ауыл-аймақты өркендетуге жол ашты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасында Үкімет алдына еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бойынша бірқатар жаңа міндеттер белгіледі.

«Ауыл шаруашылығы экономиканың жаңа қозғаушы күшіне айналады. Алдағы жылдарда ауыл-аймақты өркендетуге басымдық береміз. Біз ауылдық жерді жұмыспен жаппай қамту үшін жағдай жасаймыз, ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік бастамаларын қолдаймыз. Тұрғындарға жер қолжетімді болады. Ол үшін ірі жер иелерінен пайдаланылмайтын жер телімдерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын жандандырамыз», делінген сайлауалды бағдарламада.

• Президенттің сайлауалды бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бойынша Үкіметтің бір жыл ішінде атқарған жұмыстары жайлы бүгінгі топтамамыз бен инфографикадан таныс болыңыздар.

БАСТЫ БАҒДАРЛАР:

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
КООПЕРАЦИЯСЫН ДАМУ АУЫЛ
ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫН
АРТТЫРУ СУ ҮНЕМДЕЙТІН ТИІМДІ
ТЕХНОЛОГИЯ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, су үнемдейтін тиімді технология енгізіп, мелиорация және суару жүйесін қалпына келтіру керек.

Сонымен қатар, мемлекет ауыл шаруашылығы кооперативтерін ұйымдастыру бойынша кең ауқымды жобаны іске асыруда. «Кооперативтер егістіктен дүкен сөресіне дейін өнімді тікелей жеткізуші болады. Тиімсіз делдалдардан арыламыз», делінген құжатта. Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту және ауыл тұрғындарының табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында

● ДЕРЕК-ДӘЙЕК

- Жеңілдетілген лизинг бағдарламасы аясында шаруалар 40 млрд теңгеге 1053 комбайн мен трактор сатып алды.
- 2,8 мың бірлік мал азығын жинау техникасын сатып алуға 20 млрд теңге бөлінді.
- 8 млн гектар пайдаланылмай жатқан жер мемлекетке қайтарылды.
- Елді сумен қамтамасыз етуге қатысты өзекті мәселелерді шешуді көздейтін жаңа Су кодексінің жобасы әзірленді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ:
АУЫЛДЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН
ДАМУ

Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту және ауыл тұрғындарының табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылуда.



Шағын несие беру және нарыққа шығуды қамтамасыз ету арқылы 350 мыңнан астам жұмыс орнын құру. Жобаны жүзеге асыруға 1 миллионнан астам ауыл тұрғындарын қамтитын жалпы сомасы 1 триллион теңге қарастырылған.

2023 жылы 17 мың шағын несие беруге республикалық бюджеттен 100 млрд теңге бөлінді. Бұл ауылдық жерлерде 18 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.



ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ:
АУЫЛДЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ



● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ауыл шаруашылығы
тауарын өндірушілерге
қолдай:

ҮКІМЕТ 30 МЛРД
ТЕҢГЕ БӨЛДІ

Үкімет ауыл шаруашылығы
тауарын өндірушілерге қолдай
көрсету үшін резервтен
30 млрд теңге бөлді.

Премьер-Министр Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойды. Бұл шара мал өсірушілер алдындағы субсидиялар бойынша берешекті өтеуге мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы министрлігіне қажетті шараларды қабылдау, ал Қаржы министрлігіне бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау тапсырылды. Жалпы биыл агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға Үкімет барлық көздерден 494 млрд теңге бөлді. Жақын арада инвестициялық субсидиялауға және несиелер мен лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға қосымша 30 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр.

республикадағы барлық жеке қосалқы шаруашылықтың жартысын кооперативтік кәсіпкерлікке тарту, шағын несие беру есебінен 350 мыңнан астам жұмыс орнын құру және өткізу нарығына шығуды қамтамасыз ету көзделіп отыр. 1 млн-нан астам ауыл тұрғынын қамтитын жобаны жүзеге асыруға барлығы 1 трлн теңге қарастырылған. 2023 жылы республикалық бюджеттен 17 мың шағын несие беру үшін 100 млрд теңге бөлінді. Бұл ауылдық жерлерде 18 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бүгінде Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарында қаражат толығымен игерілді. Басқа өңірлерде жұмыс жалғасуда. Су кодексінің жобасы сумен жабдықтау, су бұру, суару мәселелері, су шаруашылығы нысандарының қауіпсіздігі сияқты көптеген бағыттарды қамтиды.

• Елдің су шаруашылығы жүйесін жаңғырту жұмыстары жалғасын тауып келеді. Мәселен,

2025 жылға дейін Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Ақмола және Батыс Қазақстан облыстарында сыйымдылығы 1700 млн м³ болатын жаңа 9 су қоймасын салу жоспарланып отыр. Оны ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте пайдалану жоспарланған.

Екінші кезеңде Ақтөбе, Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында 705 млн м³ астам суға арналған 11 су қоймасын салу қарастырылған. Сонымен қатар, республикадағы суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы ауданын 1,8 млн гектардан 2,5 млн гектарға дейін ұлғайту, қолданыстағы 15 су қоймасы мен 3,5 мың шақырым суару желілерін күрделі жөндеу, сондай-ақ 212 каналдың суды есепке алу жүйесін цифрландыру жоспарланып отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).



ЖҰМЫС САПАРЫ

ҚАРБАЛАС ТІРЛІК, ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық пен Наурызбай аудандарын аралады

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың Бостандық пен Наурызбай аудандарын аралап, тұрғындармен кездескенін газеттің өткен нөмірінде жазған болатынбыз. Шаһар басшысы жұмыс сапары барысында тұрғындар өтінішімен қолға алынған іс-шараларды атап өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Демалыс аймағы

Бостандық ауданы тұрғындарының өтінішімен ауданы 1 гектар жер учаскесі абаттандырылады. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесу аясында Абай даңғылының оңтүстігінде және Гагарин даңғылының батысында орналасқан 1 гектар аумақты абаттандыру жоспарымен танысты. Құрылыс жұмыстары биыл 10 қарашада басталды. Шаһар басшысының тапсырмасына сәйкес ол Бостандық ауданы тұрғындарының өтінішімен қолға алынған.

Ерболат Досаев аймақтарды бөледі ескеріп, демалыс алаңдарын қайта салып, абаттандыруды, шатырлар жасауды тапсырды. Қала басшысы жаңа қоғамдық аумақтың жобасы ауданның инфрақұрылымын жақсартып қана қоймай, жылдың кез келген уақытында отбасылық демалыс пен спорттық іс-шаралар орталығына айналатынын атап өтті. Сонымен қатар, Алматы қаласының әкіміне Абай даңғылынан Жандосов көшесіне дейін Гагарин гүлзарын қайта құру және абаттандыру жобасы таныстырылды, бұл 2024 жылға жоспарланған.

480 орынды балабақша

Алматы қаласының 2021–2025 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру аясында Бостандық ауданындағы «Орбита-3» ықшам-ауданында 480 орынды жаңа балабақша ашылады. Қала басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында мектепке дейінгі мекемені салу жөніндегі жоспармен танысты. Балабақша 2 га алаңда орналасқан 2 ғимараттан тұратын бұрынғы №1 балалар үйінің орнында салынады.

Нысан 2021 жылы коммуналдық меншікке берілді. Құрылыс басқармасы Білім басқармасымен бірлесіп, ғимаратты қайта құру туралы шешім қабылдады. Құрылыс басқармасының басшысы Алмас Шабдарбаев қала басшысына жобаға сай нысанда үй-жайларды қайта жоспарлау, тірек конструкцияларын күшейту, қолданыстағы галереяны бұзу және аумақты абаттандыру қарастырылғанын баяндады. Бұрынғы балалар үйінің бос тұрған ғимаратын балабақшаға қайта жаңарту мектепке дейінгі мекемелердегі орын тапшылығын 25%-ға төмендетуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Бостандық ауданында 2 мыңнан астам бала балабақшаға кезекте тұр.

Қала басшысы мердігерді анықтау рәсімін жеделдетуді және ағымдағы жылдың соңына дейін конкурс өткізуді тапсырды. Құрылыстың нормативтік мерзімі – 12 ай. Осылайша нысанды тапсыру мерзімі 2024 жылдың соңы мен 2025 жылдың басына белгіленген.

Аулаларды стандартқа сәйкестендіру

Жаңа жылдан бастап аула аумақтарының стандарттарын енгізу жоспарлануда.

Қазір сәулетшілер мен урбанистер жұмысқа кірісті. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданы тұрғындарының сұрақтарына жауап берген кезде айтты.

«Біз осы стандарттарды ереже ретінде бекіткіміз келеді. Қазір заң бойынша алдыңғы жүргізілген жұмыстарға бес жыл толмайынша аулада кішігірім жұмыстың өзін жүргізуге болмайды. Егер бұл норма алынып тасталса, онда уақытты жоғалтпай, биылғы жөндеу жұмыстарын жүргізуге болады, яғни біз үнемі жұмыс істей аламыз», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Аула алаңдарын абаттандыру кезінде халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының жүріп-тұруына ыңғайлы болу үшін инклюзивті орта құруға ерекше назар аударылады.



Бұл ретте жылдың кез келген уақытында және кез келген ауа райы жағдайында қала тұрғындарына жайлы болу үшін барлық балалар алаңдары мен воркаут-аймақтарда арнайы шатырларды орналастыру қарастырылады. Сонымен қатар, жаңа стандарттарға сай аула аумақтарын міндетті түрде көгалдандыру, т.б. жұмыстар жоспарлануда.

Жаңа ережелер қабылданды

Алматыда 500 мыңнан астам ағаш тамшылатып суарумен қамтылған. Қала тұрғындары жасыл желектерге автоматты суару жүйесін ұйымдастыруды сұрады. Ерболат Досаев көгалдандыру мәселесін шешу үшін шетелдік тәжірибе мұқият зерттелгенін атап өтті. Биыл жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау бойынша жаңа ережелер қабылданды. Жаңа көшеттерге қойылатын талап едәуір күшейтілді, жасыл екпелерді күту және қорғау жөніндегі нормативтер көбейді, сонымен бірге суару жүйесінің болуы көзделген.

«Абай даңғылының бойында автоматты суару жүйесі қарастырылған. Бүгінде көгалдарды қалпына келтіру жобасы әзірленіп жатыр. Бұған қажетті желілер бар», – деді Ерболат Досаев.

Суару жүйесін ұйымдастыру үшін мегаполисте 29 ұңғыма және 5 су жинағыш салынды. Жасыл қорды сақтау мақсатында Алматыда 2,3 млн жасыл желекті түрлі зиянкестерге биоөңдеу жүргізілуде. 2025 жылға дейін 1,2 млн көшет отырғызу жоспарға енген.

«Таусамалы» көшелеріне асфальт төселеді

Көлік инфрақұрылымының жағдайы екі жыл бойы ықшамаудан тұрғындарын алаңдатты. 2021 жылы «Ак-Мешит Мелиоратор» ЖШС мердігерлік ұйымы инженерлік коммуникацияларды жүргізген соң жобаны түзету және қаржыландыруды қайта бөлу себебінен жол жабыны толық төселмеді. Жалпы ұзындығы 3,6 км болатын 6 көшенің учаскелері асфальтсыз қалды. Қала басшысының тапсырмасына сәйкес, 2023 жылы Наурызбай ауданы әкімдігінің сұрауы бойынша орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге өтініш қалалық Мобильділік басқармасына жолданды, жол төсемін қалпына келтіруге жауапты мердігер – «Жетісу Жол Құрылыс» ЖШС анықталды.

Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаева қала басшысына қазіргі уақытта

шағын ауданның 4 көшесінде асфальт төсемді қалпына келтіру жұмыстары аяқталғанын, қалған учаскелерді ағымдағы жылдың 30 қарашасына дейін аяқтау жоспарланғанын баяндады.

Қоғамдық кеңістік

Жұмыс сапары барысында Наурызбай ауданын аралаған Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында қолға алынған ірі жоба «Шұғыла» ықшамауданындағы жаңа қоғамдық кеңістікке барды.

Ықшамаудандағы жаяу жүргіншілер аймағын абаттандыру тұрғындардың өтініші бойынша жүргізілді. Ұзындығы 400 метр аумаққа ағаштар отырғызылып, автоматтандырылған суару жүйесі, шамдар мен орындықтар орнатылды. Жобаны іске асырумен «Stamp service» ЖШС мердігер ұйымы айналысты. Маусым айында басталып, қазіргі уақытта толығымен аяқталды.

Жұмыс сапары барысында аудан тұрғындары қала басшысына жаңа инфрақұрылымды: сауда орталықтарын, кинотеатрларды абаттандыру және салу туралы өтінішпен жүгінді. Ерболат Досаев жаңа аудандардың даму динамикасы оң екенін атап өтті. Қала оларды дамыту бойынша жобалар дайындауда, олар алдағы жылдары іске асырылатын болады.

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша биыл Наурызбай ауданы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыруға қосымша 875 млн теңге алды. Осылайша ауданда 2,7 млрд теңгеден астам сомаға 67 жоба іске асырылуда. Қосымша қаржыландыру туралы шешім осы бағдарламаның тиімділігі мен қала тұрғындарының оң пікірлерін ескере отырып қабылданды.

Бұған дейін қала басшысы атап өткендей, 2024 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын қаржыландыру ұлғайтылатын болады: қаланың 6 ауданына 2 млрд теңгеден және Алатау және Наурызбай аудандарына 2,5 млрд теңгеден бөлу жоспарлануда. Қосымша қаражат өзекті және сұранысқа ие жобаларды іске асыруға бағытталатын болады.

Жерасты өткелінде тәулік бойы әуен ойнайды

«Қалқаман» ы/а жөндеуден өткен жерасты өткеліне жарық жүргізіліп, бейнекамералар орнатылды.



Қала әкімі тұрғындармен кездесу барысында «Қалқаман» №7 қалалық аурухананың жанындағы жаңғыртылған жерасты өткелін көрді. Жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Биыл қыркүйек айында басталған жөндеу жұмыстары кезінде керамогранитті плиталар, жарық желілері мен сәндік панельдер, электр кабельдері орнатылды.

Қала басшысы бұған дейін Алматының жерасты өткелдеріне жарық жүргізіп, қауіпсіз ету міндетін қойған болатын. «Қалқаман» ықшамауданындағы жерасты өткелінде жарық орнатылып, полиция бекетімен байланысы бар бейнебақылау камералары ауыстырылды. Бұл метродағы стихиялық сауданың алдын алып, вандализммен күресуге көмектеседі.

Наурызбай ауданының әкімі Назира Тоғызбаева Ерболат Досаевқа бүгінде қалалық аурухананың жанындағы жерасты өткелі бойынша жұмыстар аяқталғанын баяндады. Қазір онда тәулік бойы әуен ойнайды.

Суретшілер одағы тапсырыспен жасаған қазақ халқының жоңғар шапқыншылығынан қорғаушы Қалқаман батыр бейнеленген панно жаңғыртылған нысанның безендірілуі болып табылады. Бұл панельде әскери қару-жарақтың, қалқанның, жебенің және ат әбзелдерінің бейнесі қолданылған. Арт-нысанда QR-код бар, ол бойынша Наурызбай ауданы (алаң, әлеуметтік нысандар, аудан әкімдігінің байланыс деректері) туралы ақпаратты білуге болады.

Емханаға күрделі жөндеу жүргізіледі

Ерболат Досаев ықшамаудандағы №7 қалалық клиникалық аурухананың жанындағы емханаға күрделі жөндеу жүргізуді тапсырды.

2018 жылы № 35 қалалық емхана қайта құрылып, №7 қалалық клиникалық ауруханаға қосылған болатын. №7 қалалық клиникалық аурухананың директоры Манас Рамазанов қала басшысына № 7 МКБ тек Алматыда ғана емес, республикада да ірі медициналық мекеме екенін атап өтті. Мұнда тәулік бойы стационарда 800-ге жуық пациент ем алады, 20-дан астам медициналық бейін бойынша көмек көрсетіледі. Нейрохирургиялық көмек бойынша медициналық мекеме қаланың 4 ауданына көмек көрсетеді, қаланың insult төсектерінің жартысы немесе 70-тен астам төсек осы мекеменің екі insult бөлімшесінде орналасқан. №7 МКБ жанындағы емханаға іргелес аудандардың 31 мыңнан астам тұрғыны тіркелген. Қазіргі уақытта амбулаториялық-емханалық қызметтің жоспарлы қуаты бір ауысымда 200 келушіні құрайды. Клиникада 2 мыңнан астам қызметкер жұмыс істейді.

№7 МКБ жанындағы емхананы тексеру қорытындысы бойынша Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына медициналық инфрақұрылымды одан әрі жаңарту жөнінде бірқатар нақты тапсырмалар берді. Құрылыс басқармасына емхананы күрделі жөндеу, реконструкциялау, модернизациялау және клиника стационарын заманауи медициналық жабдықтармен қосымша жарақтандыру және инновациялық технологияларды енгізу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу тапсырылды. Бұл жұмыстар халыққа заманауи сапалы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.



● КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

«АНА КАПИТАЛЫ»

ұлттық бағдарламасы қажет

Жуырда Қазақ елінде халық саны – 20 миллионға жетті. Мың тәубе. Ел арасында «елге ел қосылса, құт» дейді. Тегін айтылмаса керек-ті. Халқымыздың өсіп-өніп жатқандығы қуантады. Дүние жүзі бойынша территория көлемі жағынан 9-орындамыз. Әлем картасында орнымыз бар. Елтаңба, Әнұран, Көк байрағымыз желбіреп тұр. Төл валюта теңге дербестігіміздің символы. Бәріне шүкір!

Ахаң – Алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы өткен XX ғасырдың басында «Әлхамдулилла, 6 миллион қазақпыз!» депті. Оған да 100 жыл өтіпті. Содан бергі тарихтың өзі сан-салалы. Патшалық өкіметтегі революция, қолдан жасалған аштық, ұжымдас-тыру, 1937-1938 жылғы Сталиндік репрессия, 1941-1945 жылғы Отан соғысы. 1954 жылғы тың игеру желеуімен Украина мен Ресейден әкелген шаруалардың теріскейге қоныстануы, 1960 жылдардағы қазақ жерінің тұтастығына төнген қауіп, 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасы», 1989 жылға дейінгі Семей, Капустин Яр мен Семейдегі 500-ге жуық атом бомбасы сынағы және т.б. Әйтеуір осыншама қиы кезеңнен соң 1991 жылы азаттықтың ақ таңы атты. Күрмеуі қиын 90-жылдар капиталистік қоғамға дүмп еткізді. Жұрт басымен қайғы

Дамыған державалардың қуаттылығын өлшейтін бірнеше фактор бар. Соның бірегейі – демография. Халқының саны неғұрлым көп болса, соғұрлым әлеуеті мықты болады. Бұл әу бастан дәлелденген теорема.

болып кетті. Қарап отырсаңыз, осының бәрі текке айтылмады. Қолдан жасалған зұлмат демографияға тікелей әсер етті. Туу азайды. XX ғасырдың басында халқымыздың 4/3 бөлігін жоғалттық, бас сауғалап шетке көшті. Өзгелер келді. Әйтеуір өз салмағымыз азайып қалды. Ұлттың денсаулығы нашарлады. Азып-тозып қылышынан қан тамған озбыр империяның құрсауынан босадық. Осы күні ептеп ес жиып келеміз. Ендігі жерде әр басқан қадам нық, ақылмен ойласқан, жоспарлы болғаны дұрыс.

Осы кейде әлеуметтік жағдайға көп нәрсені жабамыз. Көпбалалы болудың құпия-сын сонымен байланыстырамыз. Алайда, алысқа бармай-ақ Орталық Азияға назар аударайық. Соның ішінде Өзбекстан халқының саны 40 миллионға жуықтады. XX ғасырдың басында бізден саны 3,5 есе аз

болған-тұғын. Бүгінде бізден 2 есе көбейді. Ұлттық ата-дәстүрін сақтай білді. Аса бір ассимиляцияға түспеді.

Өзбек халқы еңбекқор. Бірде Ташкент арқылы Санкт-Петербургке сапарладық. Ұшақта бірыңғай өзбек ағайын. Үлкені де, кішісі де, Ресейді жағалап нәпақа тауып келеді. Бейресми дерек бойынша РФ 6 миллионға жуық мигранты бар екен. Бірақ халқының саны өсіп, үй-жайын реттеп, аядай жерде көбейіп жатыр. Олардағы әлеуметтік жағдай бізден артық емес шығар, десе де баланың санын шектемейді. Бізде жастардың үлесі 30%-ды құрайды. Негізі осы мөлшер 1,5-2 еселенсе екен. Сонда кең-байтақ жеріміз жанға толар еді.

Көп балалы болу, халық санының өсуі әлеуметтік жағдайға да байланысты болар. Оған ешкімнің дауы жоқ. Алайда, барлық

нәрсе ниеттен туындайды. Үлкендер «балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» деп отыратын. Осы сөздің қадір-қасиеті тереңде жатыр деп білеміз.

Қазақстан жас мемлекет. Енді-енді бірізділікке түсіп келеміз. Өзіміздің экономикалық бағдарымызды қалыптастырып жатырмыз. Дәп осындай шақта көпбалалы жандарды қолдайтын бірегей ұлттық бағдарлама қажет. Мұны талай мәрте қоғам қайраткерлері айтып, БАҚ беттеріне жазып, сұхбат беріп келеді.

Ресейде «Материнский капитал» деген ұлттық жобасы бар. 2023 жылы отбасындағы бірінші туған балаға – 589 мың рубль, екінші балаға – 779 мың рубль қарастырылған. Осыны бізге неге жасамасқа. Қазақтың саны көбейсін десек, ана мен балаға, жас отбасыларға көмек артуы қажет. Бүгінгі таңда бала-шағаны жас отбасы бағып-қағу оңай емес.

Біз үнемі халықтың саны артқанын қалаймыз. Сол құр сөз болмай, мемлекеттік бағдарлама қабылданса дейміз. Тым құрығанда әр бала туған сайын 25% ипотека кешіріліп отырса, нұр үстіне нұр. Ел болып көпбалалы ата-аналарды қадірлеп, үй-көлік алуға жеңілдіктер қарастырылса, жұрттың ойы өзгерер еді.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мақсат ХАЛЫҚ, экономист:

ҚАЙ ЖЕРДІҢ ХАЛҚЫ КӨП, СОЛ АЙМАҚТА ІРІ КОМПАНИЯЛАР ӨЗ ЗАУЫТТАРЫН ТҮРҒЫЗАДЫ

Демографияның экономикаға пайдасы өте зор. Неғұрлым халық саны көбейген сайын қосымша жұмыс күші ретінде бағаланады. Сонымен бірге, еңбекке жарамды азаматтардың қатары көбейеді. Ең бастысы, бұл – нарық. Әлемде мынадай тенденция бар. Қай жердің халқы көп, сол аймақта ірі компаниялар өз зауыттарын тұрғыза алады. Қажетті фабрика салынады. Көптеген инвестиция бөлінеді. Өйткені, ол елдің нарығы үлкен деп есептеледі. Сондықтан халқымыздың саны 20 миллионға жетіп жатқандығы өте құнды әрі қуантарлық жағдай. Негізінде демографиялық көрсеткіштеріміз оң нәтиже беріп келеді.

Халықтың тұрмыс жағдайы, әлеуметтік көрсеткіштері, төлем қабілеттілігі, өмір сүру сапасы бәрі-бәрі аса маңызды. Осы жағына баса назар аудару қажет. Кей уақытта сапа да саннан туындайды. Төлем қабілеттілігі көп болған сайын экономика қарқынды дамиды.

Самат-әлі СЕРІКБАЙ, қала тұрғыны:

БӘРІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙҒА ТІРЕЛЕДІ

Алматы сияқты ірі қалаларда жан бағу қиынырақ. Соған қарамастан көпбалалы болатындар баршылық. Олар көбінесе ауылдық жерде. Яғни егін егеді, төрт түлікті түлетеді, соны сатады. Сөйтіп, жыл он екі ай тіршілік ете береді. Осылайша қазақтың саны артып, өсіп-өніп жатқан жағдайы бар. Небір алтын алқа, күміс алқа алып жүрген алтын құрсақты аналар да сонда. Қанша дегенмен, ауыл қазақтың алтын дінгегі.

Енді назарды қалаға бұрайық. Бұнда әрі кеткенде 4-5 баладан асыра қоймайды. Өйткені, жағдай көтермейді. Көбісі ипотекалық үй, несие алған. Айдан-айға жалақыға өмір сүріп отыр. Айлық шайлыққа әзер жетіп отыр. Осыдан соң «бала тап» деп қайтіп айтасыз. Тағы бір мәселені қозғайық. Қаладағы жастар өз-өзіне қарайды. Өзінің жанын күтіп-бағады. Олай істеп жүргендердің баламен ісі бола бермес.

Негізі жас отбасылардың әлеуметтік жағдайын жасаса, кім көпбалалы болғысы келмесін. Асырай алатынын білсе, туу азаймас еді. Ең бастысы, ынталандыру керек. Көп балалы болған жандарға қолдау артып, қоғамның негізгі факторы айналса екен. Сонда қуатты Қазақстан орнайды.

Қалада жүргендер үйленіп алады. Бірақ балалы болмай жүре береді. Әй, өйтіп жүргенмен іс өнбейді. Сондықтан қалайда жағдайға қарай бермей, бас қосып, көпбалалы болған дұрыс.

Дариха МОЛДАҒАЛИҚЫЗЫ, «Алтын алқа» иегері:

ӘР НӘРСЕ ӨЗ УАҚЫТЫНДА ҚҰНДЫ

Өз басым 18 жасымда келін болып түстім. Енем 5 ұл, 1 қыз тапқан екен. Өзі қатал болатын. Ол кісі баланың санын шектемеуге кеңес берді. Өзі бағатынын түсіндірді. Сөйтіп, үлкен өмірге қадам бастық. Мен келгенде астымызға төсейтін жөнді төсеніш те жоқ-тұғын. Әкем қосылған жарымның ептілігін көрді. Сөйтіп, «дүние қолдың кірі, түтінін көрініп тұр қарағым» деп батасын берді. Көздің жасын тыя алмай қала бердім.

Біз отағасы екеуміз 40 жыл ғұмыр кештік. Өзі епті, дүние тапқыш болды. Төркінім де қарайласып тұрды. Осылайша Жаратқан берген оншақты ұл-қызды дүниеге әкелдім. Бүгінде біразы үйлі-баранды. Әлі де болса сұрбойдақтар бар. Енді осылар келін әкелсе, бір-бір үй болса, арман болмас еді.

Маған негізі, дәрігерлер екі баладан соң босанба деген еді. Енді бала көтерсем өміріңмен қош айтса бер деген-тұғын. Оған енем қойсын ба?! Ең кенжелері екі ұл, екі қыз болды. Бәріне мың тәубе!

Қазір келіндер, қыздар дүниеге сәби әкелерде жаным бірге ауырады. Баяғыда қалай босанғанбыз, қайранмын. Босанған соң қол-аяғымызды бауырымызға алып, тірлікке кірісіп кететін едік. Бүгінде экология күшейген бе, оның үстіне ішіп-жеген тағамның бәрі химикат – бәрі-бәрі әсер ететін болар. Кім білсін!

Жас кезде шама келсе көп бала тапқан жөн болар. Бірақ әйел адам барынша күтініп, өз-өзін ептемесе қиын. Адамнан адам шығу оңай шаруа емес. Біздің кезімізде ет, май, сүт, ағарған, айран, құрт баршасы қолдан жасалатын. Оны өзіміз жасайтынбыз. Текмет басып, алаша тоқитынбыз. Дәурен осылай өтті ғой. Желең жүрмейтінбіз, басқа орамал байланатын. Қимыл-әрекет көбірек болатын. Десе де, біздің заман басқа. Ілгеріде 20-ға келген қыз көрі саналатын. Бүгінгі жастардың көбі қалаға кетіп жұмыс істейді. Ерлер жағы 15 күн ауысыммен істейді. Әйтеуір күн көріс, жанбағыс. Сондықтан мұрша болса, көбірек балалы болған жақсы. Әйтпесе, шаруаға жегіліп уақыт өте береді. Өрнәрсе өз уақытында құнды.

● ТҮЙІН:

Қазақ еліне халықтың санының артқаны ауадай қажет. Ата-бабамыз «бос жатқан жер жау шақырады» дейді. Расында солай, ол жағын өткен тарихтан білеміз. Драматург-жазушы Дулат Исабеков «қазақ 30 миллионға жетті дегенін естісем арманым болмас еді» деген-тұғын. Сол күнге жетейік. Себебі, «сан бар жерде, сапа бар» деседі. Қазақ ХХІ ғасырда өсіп-өркендеуі қажет. Елдің нөпірі көп болса, мықты әскер болады, қуатты экономика құрылары анық.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



БРИФИНГ

ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБУДА

Әуезов ауданында биыл 12 көшенің жолы жөнделді

Әуезов ауданында жалпы ұзындығы 11,4 км болатын 12 көше мен өтпелі жолдар жөнделді. Осы жұмыстарды жалғастыру мақсатында келер жылы 32 көше мен өтпелі жолдарды орташа жөндеуге өтінім жолданды. Аудандағы өзге де жетістіктер және шешімін күткен өзекті мәселелер туралы Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиев айтты.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Биыл орталықсыздандыру аясында жолдарды ағымдағы жөндеу бойынша функция бізге берілді. Бүгінгі күні жасалған жұмыстардың жалпы ауданы 52 мың шаршы метрден асады, бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 2 есе көп», – деп атап өтті аудан әкімі А.Егембердиев.

Сонымен бірге, спикер ағымдағы жөндеу аясында 1300-ден астам аумақ қамтылғанын атап өтті, оған 45 магистральдық көше мен жеке сектордағы көшелер, сондай-ақ 4 ықшамаудандағы өтпелі жолдар мен аулаишілік жолдар кіреді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,5 есе көп. Биыл 200 люкті ауыстыру аяқталады.

Бұдан басқа, ұзындығы 4,5 км Төле би көшесіне айрық жол жасау жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде: Әуезов ауданы бойынша – 2,2 км. Бұл жұмыстарды аяқтау 2025 жылдың соңына көзделіп отыр. Сондай-ақ, Жұбанов көшесінде ұзындығы 1,2 км болатын жол айрығын 2024 жылы бастап 2026 жылы аяқтау жоспарлануда.

Сонымен қатар, жалпы ауданы 18 мың ш.м. техникалық тротуарлар жасау аяқталуда. Бұл техникалық тротуарлар магистральдық көшелер бойынша, сондай-ақ тұрғындардың өздері салған «жолдар» деп аталатын аумақтарда жабдықталады.

Спикер ауданда сумен жабдықтау



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

және су бұру желілерін жаңарту талап етілетін 4 проблемалық аумақ бойынша жобаларды жоспарланып, іске асырылып жатқанын да атап өтті. Осы учаскелердегі су құбыры және кәріз желілері 1960–1970 жылдары салынғанын ескерсек, олардың 90%-ы тозған.

Бірінші аумақ – «Достық» ықшамауданында кәріз желілерін салу жұмыстары биылғы III тоқсанда басталған, жалпы ұзындығы 13,7 км, 759 жеке үй мен 3650 тұрғын қамтылды. Жобаны 2024 жылдың соңында аяқталмақ. Екінші аумақ – бұрынғы үш «Восход», «Садовод», «Ардагер» бау-бақша серіктестіктерінің барлық 8 көшесінде де биылғы III тоқсанда жалпы ұзындығы 5,2 км, 117 жеке үйді қамтитын сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу жұмыстары басталды. Бұл жұмыстар биыл жыл соңында аяқталмақ. Үшінші аумақ – «Мамыр-4» ықшамауданындағы 197 үйді және 750 тұрғынды қамти отырып, ұзындығы 12,3 км сумен жабдықтау және су бұру желілерін төсеу жұмыстарын 2024 жылдың II тоқсанында бастап, 2025 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Төртінші аумақ – «Саин-Шалапин-Жандосов-Қарғалы өзені» көшелерінің ала-

ңында жалпы ұзындығы 42 км, 700 үйді қамтитын сумен жабдықтау және су бұру құрылысы бойынша ЖСК әзірлеу аяқталуда, жұмыстар келер жылдың II тоқсанында басталады. Бұл жобалар барлық 4 аумақ бойынша II мыңнан астам тұрғынды сапалы сумен және кәріз жүйесімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Абзал Егембердиев биылғы наурыз айында ауданның магистральдық көшелерінде үнемі су басып қала беретін 6 учаскенің жойылғанын хабарлады. Осылайша арық желілерін салу және өткелдердің диаметрін 300 мм-ден 1000 мм-ге дейін ұлғайту арқылы су басқан учаскелер жойылды (Төле би көшесі-Яссауи көшесі, Райымбек даңғылы-Момышұлы көшесінің қиылысы, Райымбек даңғылы-Яссауи көшесі, Абай даңғылы-Алтынсарин даңғылы, Цветочная көшесі, Момышұлы көшесі).

«Биыл «2023–2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту» тұжырымдамасын іске асыру аясында қайтарымды негізде 95 үйде жөндеу жұмыстары жүргізілді, оның ішінде: 57 үйде 102 лифт ауыстырылды және 38 үйде жалпы пайдаланылатын орын-

орындалған жұмыстардың АҚЖ-мен келісілген актілері орындалған жұмыстарға ақы төлеу үшін негіз болып табылады. 2023 жылғы шілде-тамыз айларындағы актілерге АҚЖ тарапынан орындалған жұмыстардың сапасына қатысты ескертулерге байланысты қол қойылмаған, олар ешқашан жойылмаған. Барлық қарсылықтар келісім-шарт талаптарына сәйкес жазбаша түрде рәсімделді.

МЖӘ шартына сәйкес жеке әріптес 2019–2023 жылдар аралығында модернизациялауды аяқтауы тиіс екенін және модернизациялау кестесін орындамағаны үшін инвестицияланған қаржы қаражатын өтеу факті бойынша жүргізілгенін қосамыз.

Келісім-шарт бойынша жеке серіктес 2019–2023 жылдар аралығында 12,5 млрд теңге инвестициялап, 44 мыңнан астам жарық нүктелерін модернизациялауы тиіс еді. Жеке серіктес 13,5 мың жарық нүктесін жаңартты, яғни келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамады.

– Әкімдіктің бұрынғы жеке әріптесі алдындағы берешегі жоқ. Ағымдағы жылдың маусым айынан бастап талап-арыз жұмысы басталды, онда ақы төлеу қажет жұмыс фактісі болған жоқ. Яғни оны қабылдаушы тарап ешқандай құжаттармен растамайды, – деді Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасынан.

Еске салсақ, «Алматы қаласының Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» КММ, «Алматы Қала Жарық» ШЖҚ МКК және «ABM-Vuiling 2007» ЖШС, «Электроремонт» ЖШС және «ABM-Project» ЖШС құрамындағы консорциумда «Алматы қаласының сыртқы жарықтандыруды модернизациялау» жобасы бойынша мемлекеттік-жеке әріптестік келісім-шарты 2018 жылы 27 млрд-қа жуық сомаға жасалған болатын. Ол кейіннен жұмыс көлемінің ұлғаюына байланысты 43,6 млрд-қа дейін өскен.

дарға, яғни шатырға, инженерлік желілерге күрделі жөндеу жүргізілді», – деді брифинг барысында аудан әкімі.

Спикер «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының жүзеге асырылу барысына да кеңірек тоқталды. Биыл қала тұрғындарының дауыс беру қорытындысы бойынша 715 млн теңге сомасына 16 жоба іске асырылды. Келер жылға шамамен жалпы сомасы 2,8 млрд теңгеге 60 жобаны іске асыру көзделіп отыр.

Ауданның жарықтандырылуы туралы айта келе, әкім бүгінде аудан 94%-ға жарықтандырылғанын атап өтті. Алайда, аула аумақтарында жарықтандыру бойынша проблемалық мәселе әлі де бар.

Аудан әкімі «Мамыр» ықшамауданында биылғы тамыз айында ауысымына 200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория ашылғанын, бұл осы емханаға тіркелген 12 мың адамға ыңғайлы қызмет көрсету мәселесін шешуге мүмкіндік бергенін хабарлады.

Абзал Егембердиев оқушы орнының тапшылығы мәселесін шешу жайын да тілге тиек етті. Қазіргі уақытта ауданда 33 мемлекеттік және 22 жекеменшік мектеп бар, ондағы оқушылардың жалпы саны – 59 209. Ауданда оқушы орнының тапшылығы 5 мыңнан асады.

«Оқушы орындарының тапшылығын азайту мақсатында 2022 жылы №6, №117, №121, №132, №133 мектептерге 5 қосымша құрылыс салынды, сондай-ақ «Достық» жекеменшік мектебі ашылды, бұл сол кездегі орын тапшылығын 3400 оқушы орнына қысқартуға мүмкіндік берді», – деді аудан әкімі.

№141, №122 мектептерде және БИЛ мамандандырылған лицейінде сейсмикалық күшейту бойынша күрделі жөндеу аяқталды. Сонымен қатар, №9 мектепте күрделі жөндеу жалғасуда, ал №127 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып келеді. Ал «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында №97 мектептің ескі ғимаратының орнына 600 орынды жаңа мектептің құрылысы басталды. Құрылысы келер жылдың III тоқсанында аяқталмақ.

Мектепке дейінгі орын тапшылығы мәселесін шешу, сондай-ақ балабақшалардағы жағдайды жақсарту үшін де жүйелі жұмыстар қолға алынған. Мәселен, «Алтын бесік» ықшамауданында 120 орынды мемлекеттік балабақша құрылысы басталды. Биыл 10-шы ықшамауданында 160 орынды балабақша құрылысына жобалық сметалық құжатты әзірлеу жұмыстары қолға алынды. «Таугүл» ықшамауданында апатты деп танылған балабақша ғимаратының орнына 120 орынды жаңа балабақша бой көтереді. Осылайша Әуезов ауданында түйінді мәселелер кезек-кезеңімен шешімін табады.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ

Жеке серіктес алдында берешегі жоқ



Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы мамандарының хабарлауынша, Алматы әкімдігінің сыртқы жарықтандыруды модернизациялаумен айналысатын жеке серіктес алдында берешегі жоқ.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Әкімдіктің бұрын сыртқы жарықтандыруды модернизациялаумен айналысқан энергетикалық консорциумға кіретін «ABM-Building 2007» ЖШС жеке серіктесі алдындағы берешегі туралы ақпарат шындыққа жанаспайды.

«Алматы Қала Жарық» ШЖҚ МКК мен жеке әріптес арасындағы өнім беруші тарапынан жұмыстарды орындамауы себебінен келісім-шарттық міндеттемелер 2023 жылғы маусымда тоқтатылды. Кейін қазан айында

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «Алматы қаласының сыртқы жарықтандыруды модернизациялау» жобасы бойынша МЖӘ шарт бұзылды.

2019–2023 жылдар кезеңінде шарт бойынша жеке әріптеске оның инвестициялары мен қызмет көрсету шығындарын өтеу есебінен 26,9 млрд теңге төленді. Шарт бойынша төлемдер жеке серіктестің өз міндеттемелерін орындамауына байланысты 2023 жылғы шілдеден бастап тоқтатылды. Тиісінше, қызметкерлерге жалақы төлеу жауапкершілігі компанияның өзіне жүктеледі.

Келісім-шарттың 13.13 тармағына сәйкес



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Қала маңы маршруты
іске қосылды

Қала маңындағы қоғамдық көлік қызметін дамыту мақсатында Алматы Қалалық мобилділік басқармасы 26 қарашадан бастап №216 жаңа қала маңы маршрутын іске қосты.

Аталған маршрут «Дәулет» ауылы мен «Алматы-1» теміржол вокзалы аралығында қызмет көрсетеді. Желіде 45 минуттық жиілікпен 5 автобус жүретін болады.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы агломерациясын дамыту аясында басқарма 2023 жылы 25 елдімекенді қамтитын 10 қала маңы маршрутын ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Бұған дейін 7 маршрут іске қосылды, тағы 2 маршрут әзірленуде.

Бұдан бөлек, Алматы және Алматы агломерациясын дамыту жоспарына сәйкес 2024 жылдың соңына дейін қала маңындағы 20 жаңа маршруттарды ұйымдастыру жоспарлануда, солардың есебінен 50 елдімекен қамтамасыз етіледі.

Айнабай МӘДИ.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

АЛМАТЫ – ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

республикалық жедел-алдын алу шарасы өтіп жатыр

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

(Басы 1-бетте)

Үкімет деңгейінде нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданды. Оған сәйкес есірткі қылмысына қарсы күрес полицияға ғана емес, басқа да мемлекеттік органдарға жүктелді. 677 кг 166 грамм есірткі тәркіленіп, синтетикалық есірткі өндіретін

14 нарколаборатория таратылды. Құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсірудің 6 фактісі тіркелді.

10 айда Алматыда 2 мың 991 жол-көлік оқиғасы тіркелді, соның салдарынан 84 адам қаза тауып, 3 мың 211 адам жарақат алды. Жыл басынан бері барлығы 1 миллион 582 мың 980 жол қозғалысы ережесін бұзу анықталды.

Көлік құралын мас күйінде басқарғаны үшін 1 мың 718 жүргізуші ұсталды.

Сот 2 мың 443 жүргізушіні көлік құралын басқару құқығынан айырды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Салтанат ӘЗІРБЕК,**Алматы қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі:**

Қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігі полицияның кәсіби жұмысына ғана емес, халықтың белсенді ұстанымына да байланысты екенін еске салғанды келеді. Бүгінде күн сайын қала тыныштығын күзетуге 2500-ден астам полиция қызметкері жұмылдырылады. Жыл басынан бері ауыр және аса ауыр қылмыстар, интернет алаяқтық, ұрлық азайды.

Қазір республикалық «Құқықтық тәртіп» атты жедел алдын алу шарасы өтуде. Бір аптаның ішінде қала полицейлері 192 қылмысты «ізін суытпай» ашты. Оның 28-і қоғамдық орындарда болған. Сонымен қатар, бұрын да жасалған 90 қылмыс ашылып, іздеуде жүрген 23 қылмыскерді қолға түсірді. «Құқықтық тәртіп» шарасының негізгі мақсаты – қоғамдық орындарда орын алатын ұсақ құқықбұзушылықтарға жол бермеу. Бір аптада 13 мыңнан астам әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, кінәлілер жауапқа тартылды.

Алматы – біздің ортақ мекеніміз. Сондықтан қаланың тыныштығы мен тазалығын сақтау – ортақ борышымыз.

Профилактикалық шара кезінде жол жүру қауіпсіздігіне қатысты да жұмыс жүргізілді. Қала көшелерінде 46 мас жүргізуші ұсталды. Жолда жүру тәртібін сақтамаған 519 жүргінші әкімшілік жауапқа тартылды. Жол жүру ережесін бұзушылар анықталып, оларға хаттама толтырылды.

БРИФИНГ

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯ

не үшін қажет?

Қазақстандықтар 2025 жылға дейін жалпыға бірдей декларациялауға кезек-кезеңімен көшу қажет. Жалпыға бірдей декларациялауға көшу басталды. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап декларацияларды мемлекеттік қызметшілер және оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ олардың жұбайлары ұсынады. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері мен олардың жұбайлары декларация тапсырады. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары үшін декларациялау енгізіледі. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтардың қалған санаттары өтеді.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Заңғар Шындали бұл жүйеге қатысты сұрақтарға жауап берген еді.

Департамент өкілінің айтуынша, жалпыға бірдей декларациялауды енгізудің мақсаты – ел азаматтарының табысын ашық көрсету, сыбайлас жемқорлық арқылы жүзеге асатын көлеңкелі экономикаға қарсы күрес.

«Барлық елде жалпыға бірдей декларациялауды енгізу экономикалық дамудың негізгі жолы. Енгізу мақсатында ҚР-да АҚШ, Германия, Франция, Швеция, Финляндия, Дания, Сингапур, Швейцария сияқты әлемнің дамыған елдерінде қолданылатын прогрессивті халықаралық тәжірибе зерттелді», – деді З.Шындали.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда төмендегідей мәліметтер көрсетіледі:

- 1. Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мүліктері:**
 - жылжымайтын мүлік, жер учаскелері, жер үлестері, әуе және теңіз кемелері, ішкі суға жүзу кемелері, «өзен-теңіз» жүзу кемелері;
 - көлік құралдары, арнайы техника және тіркемелер;
 - барлық банктік салымдар бойынша АЕК мөлшерінен 1000 есе асатын сомдағы шетелдік банктердегі банктік шоттар

дағы ақша;

- заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі.

2. Қазақстан Республикасында да, одан тыс жерлерде де мүлік:

- тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлесі;
- бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары;
- инвестициялық алтын;
- зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері;
- АЕК мөлшерінің 10 000 еселенген шегінен аспайтын сомда көрсетілетін қолма-қол ақша;
- банктерге берешекті (кредиттер, депозиттер, карточкалық шоттар) қоспағанда, міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын нотариат куәландырылған (куәландырылған) шарт немесе өзге құжат болған кезде жеке тұлға алдындағы басқа тұлғалардың берешегі (дебиторлық берешек) және жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешек);
- жеке тұлғаның қалауы бойынша бағасы 1000 еселенген АЕК-тен (антикварлық заттар, қымбат картиналар және т.б.) асатын басқа мүлік көрсетілуі мүмкін. Бағалауды тәуелсіз бағалаушыдан жасауға болады.

Декларациялаудың үшінші кезеңінде 370

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

«CREATIVE CENTRAL ASIA – 2023»

Алматының креативті индустрия орталығы ретінде енгізген үздік кейстері ұсынылды

Өткен апта соңында Алматыда «Creative Central Asia – 2023» Орталық Азияның креативті индустрияларының жыл сайынғы форумы өтті. Үш күнге созылған «ССА-2023» диалог алаңы өзіміздің Қазақстан мен Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Оңтүстік Корея мемлекеттерін қосқанда, 100-ден астам сарапшы-спикер мен сала өкілдерінің басын қосты.

**Нұржамал ӘЛШЕВА**

Форумға қатысушылар Орталық Азия өңіріндегі креативті индустрияларды дамытудың негізгі үрдістері мен перспективалық жолдарын талқылады. Спикерлер негізгінен кино, музыка, білім беру, fashion-индустрия және IT-сектор салалары бойынша пікір алмасты.

Форум аясында «Креативті индустриялар жастарға арналған әлеуметтік лифт ретінде», «Қалалық жайлы орта және креативті ландшафтты дамыту», «Әйелдердің креативті кәсіпкерлігі», «Қазіргі әлемдегі аудиоконтент» және тағы басқа да тақырыптар шеңберінде бірқатар панелдік сессиялар ұйымдастырылды.

– «ССА-2023» форумының негізгі мақсаты – креативті индустриялардың инфрақұрылымын дамыту, креативті кәсіпкерлік идеяларын насихаттау, халықаралық




инвестицияларды тарту. Форум Алматы қаласының брендині ілгерілетуге, шығармашылық мамандарды қолдауға және инновациялық және шығармашылық секторларда жаңа өнімдер жасау үшін бейнаралық ынтымақтастықты дамытуға ықпал етуге арналған, – деді Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Берік Солтанбеков.

Ал Халықаралық креативті индустриялар форумының сәулетшісі Дина Әбдірахмет:

– Бұл орайда мен білім беру саласындағы креативті индустриялар бойынша өте белсенді жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өткім келеді. Жаңа магистрлік бағдарламалар енгізілуде. Иә, өңірлер креативті индустрияларға, креативті экономикаға назар аударып бастады. Бұл – үлкен жетістік. Халықаралық форумда Алматының еліміздің креативті индустрия орталығы ретінде енгізген үздік кейстерімен бөлісті, – деді.

«ССА-2023» форумының мәртебесін тақырыптық дәрістер, «шеберлік сыныптары», public talk, қолданбалы өнер жәрмеңкесі арттырды. Lumiere hall мультимедиялық мұражайының елге танымал Алматы кураторларының қолдауымен және тікелей қатысуымен қазақстандық және халықаралық цифрлық суретшілердің инновациялық және эксперименттік жұмыстарын таныстыратын көрме-инсталляциясы да көптің ықыласына бөленді. Көрмеде AI-ART, Digital Fashion, Media Art бағыттарындағы авторлардың ерекше жұмыстары ұсынылды.

Іс-шара барысында БҰҰДБ-ның жастар және креативті индустриялардың шағын орта бизнес өкілдерімен сараптамалық талқылауы өтті. Форумның маңызды оқиғасы ретінде қазақстандық дизайндың fashion musical «Luna Sezim» жұмысы ерекше атап өтілді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

мыңнан астам алматылық декларациялануға жатады. 2021 жылдан бастап Қазақстан азаматтарының жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне кезек-кезеңімен кіруі жүргізілуде.

Мемлекеттік органның ақпараты сәйкес, жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңінде Алматы қаласында 46 мыңнан астам жеке тұлға, яғни мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары декларация тапсырды.

Екінші кезең 2023 жылы басталды және жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне квазимемлекеттік сектор, мәдениет қызметкерлері, мұғалімдер, дәрігерлер, спортшылар және олардың жұбайлары кірді. Алматы қаласы бойынша декларацияны 142 мыңнан астам тұлға тапсырды.

Алматы қаласында ерлі-зайыптыларды есептегенде 3-ші кезеңде декларацияланатын тұлғалар саны 378 мың болмақ.

Соңғы 4 кезең, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне толық кіру, яғни кәметке толмағандарды қоспағанда, республиканың барлық азаматы декларация тапсыруға міндетті болады. Бірақ кәметке толмағандар:

- меншік құқығында Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мүлік болса;
- құрылысқа үлестік қатысу туралы шарт

бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жылжымайтын мүлік құрылысында үлес болса;

– Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетелдік банктердегі банктік шоттарда барлық банктік салымдар бойынша айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен жиынтық асатын ақша сомасы бар болған жағдайда декларациялануға жатады.

Қолма-қол ақшаны декларациялаудың шекті сомасы – 10000 АЕК. ҚР және одан тыс жерлерде қолма-қол ақшаның болуы туралы ақпарат 10 000 АЕК шегінен аспайтын мөлшерде көрсетіледі, яғни 34,5 млн теңге.

Жалпыға бірдей декларациялау ережелерін түсіндіру үшін 1414 бірыңғай республикалық нөмірі жұмыс істейді.

Бұдан басқа, жалпыға бірдей декларациялауға қатысты толық ақпаратты ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми сайтынан «жалпыға бірдей декларациялау» бөлімінен алуға болады (kgd.gov.kz).

Сондай-ақ, әлеуметтік желілердегі «ҚР жалпыға бірдей декларациялау» Telegram каналында, «UNIVERSAL_DECLARATION_KZ» Instagram парақшасында, «ҚР жалпыға бірдей декларациялау» Facebook парақшасында түсіндіріледі.



КӨШІ-ҚОН

18 МЫҢДАЙ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАК

жыл басынан бері қандас мәртебесін алды

2023 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 17 903 этникалық қазақ тарихи Отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы, 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 124,9 мың этникалық қазақ оралды. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.



Жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың жартысы Өзбекстаннан (53,8%), қалғандары Қытайдан (19%), Моңғолиядан (11%), Ресейден (7,6%), Түркіменстаннан (6,5%) және басқа елдерден (2,1%).

Осы жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 60,7%-ды, еңбекке қабілетті жастаң кішілер – 30,7%-ды және зейнеткерлер 8,6%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша жоғары білімділер – 15,3%, орта кәсіби білімділер – 34,5%, жалпы орта білімділер – 41,7% және білім жоқтар – 8,5% адам.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанған. Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары қандастарымызды қоныстандыру үшін еңбек күші тапшы өңірлер ретінде анықталған.

Қоныстандыру өңірлерінде 2023 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 2337 адамды құрайды. 2023 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 1870 қандас қоныс аударған.

Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мемлекеттік қол-

дау шаралары ұсынылады: бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (241,5 мың теңге) мөлшерінде; тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (51,7-ден 103,5 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.

Жыл басынан бері 1254 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілген екен. Атап айтқанда, 522 адам тұрақты жұмысқа орналастырылған, 1254 адам біржолғы субсидия алған, ал 513 қандасқа тұрғын үй шығындары субсидияланған.

Сонымен қатар, ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4 млн теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.

Естеріңізге сала кетейік, осы жылы пилоттық режимде Қазақстан елшіліктері арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша қандас мәртебесін беру тетігі іске асырылды.

Пилоттық жоба шеңберінде елімізге бару, жұмыс орны, тұрғын үй беру мүмкіндіктері туралы мәселені шешуге және республика аумағына кірмей-ақ қандас мәртебесін алуға болады. Бүгінгі таңда республиканың шетелдердегі мекемелері арқылы этникалық қазақтардан жана форматта 2058 өтініш (690 отбасы) қабылданған.

КВОТА

2023 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен Қазақстан аумағында 13 029 шетел азаматы еңбек етеді.



ЕЛІМІЗДЕ ҚАНША ШЕТЕЛ АЗАМАТЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын республикаға шетел мамандарын тартуға квота белгілейді және бөледі. 2023 жылы жалпы квота республикадағы жұмыс күшінің санына қатысты 0,24% немесе 22 260 бірлік мөлшерінде белгіленді.

Шетел жұмыс күшін (бұдан әрі – ШЖК) тартуға рұқсаттардың арасында мынадай санаттар бар: басшылар мен олардың орынбасарлары үшін 345 рұқсат (бірінші санат), құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін 2588 рұқсат (екінші санат). Тартылған ШЖК негізгі бөлігі үшінші (мамандар) және төртінші (білікті жұмысшылар) санаттарға жатады – тиісінше олар 5767 және 608 адам. Сондай-ақ, маусымдық жұмыстарға 2078 адам, ал корпоративтік ауыстыру аясында 1643 адам тартылды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ШЖК пайдаланатын 1612 жұмыс беруші бар. Оларда 468,1 мыңнан астам Қазақстан азаматы жұмыс істейді, бұл қызметкерлердің жалпы санының 97,2%-ы.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша ең көп жұмыс істейтіндер құрылыс саласында – 3312 адам (25,4%), ауыл, орман және балық шаруашылығы – 1580 адам (12,1%), тау – кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу – 1216 адам (9,3%), өңдеу өнеркәсібі – 1194 адам (9,1%), кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет – 757 адам (5,8%).

Еңбек мигранттары келетін негізгі елдер: Қытай – 3884 адам (29,8%), Өзбекстан – 1777 адам (13,6%), Түркия – 1254 адам (9,6%), Үндістан – 1232 адам (9,4%).

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

ТІЛ КУРСТАРЫ

Алматы кітапханаларында түрік, ағылшын, неміс, француз және қытай тілдерін тегін оқып үйренуге болады. Мұндай ерекше мүмкіндікке кітап әлемінің әуесқойлары – балалар да, ересектер де ие.

МЕГАПОЛИС КІТАПХАНАЛАРЫ

алматылықтарға шетел тілдерін тегін үйретіп жатыр



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Тіл үйренуге ниет білдіргендерге сабақты университет оқытушылары, елшілік өкілдері мен еріктілер жүргізеді. Мәдениет басқармасы қала кітапханалары кітап оқуға деген қызығушылықты ояту және келушілердің танымдық іс-әрекетін ынталандыру үшін белсенді жұмыс істеп жатқанын атап өтті.

– Біз қоғамның жан-жақты дамуына және мәдениетаралық түсіністікті нығайтуға ықпал ететін шығармашылық бастамаларды белсенді қолдаймыз. Мамандар оқырмандар үшін әдеби викториналар, авторлармен кездесулер, түрлі тақырыптық байқаулар өткізіп қана қоймай, кітап және тіл үйірмелерін ұйымдастырып жүр. Айта кетерлігі, 4000-ға жуық адам шетел тілі курстарынан өткен, бұл негізінен 5 жастан 17 жасқа дейінгі балалар. Осылайша біз ескеңдеу ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында Мемлекет басшысы міндеттеген тапсырманы орындап жатырмыз. Жалпы кітапханаларда цифрландыру, кітап қорын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде және бұл мәселелер қала әкімінің ерекше бақылауында, – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.

Қазір мектеп жасына дейінгі балалар да ата-аналарымен бірге «Onay English», «English for children», «Mama&me» және «Read-



КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда 28 қалалық кітапхана жұмыс істейді. Солардың ішіндегі Жамбыл атындағы қалалық жас-өспірімдер кітапханасы мен ALATAU CREATIVE HUB кітапханалары тәулік бойы оқырмандарға қызмет көрсетеді.

ка» жобаларына қатысуда. Айта кетерлігі, Алматы кітапханалары қазақ тілін үйренемін және жетілдіремін дейтін оқырмандар үшін де қолайлы жағдай жасаған: қазақ тілінде көркем жазу, дұрыс сөйлеу және шешендік өнерге баулуға бағытталған жобалар жүзеге асуда.

Кітапханалар желісі ұсынған жаңалықтардан шет қалмау және тіл курстарына қатысты қосымша ақпарат алу үшін қала кітапханаларының Instagram-дағы ресми парақшасына @library.almaty жазылуға шақырамыз.

ҚОҒАМДЫҚ ҚОР

«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ»

Алматы қаласындағы балаларға арналған лицей-интернаттардың жетістіктері аз емес

Елордадағы Бейбітшілік және келісім сарайында «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қорының 30 жылдығына арналған мерекелік жиын өткізілді. Жиынға Қазақстанның барлық өңірлеріндегі «Білім-инновация» лицейлерінің ұстаздары мен ата-аналар делегациясы, зиялы қауым өкілдері келіп қатысты.

Отыз жыл ішінде аталған лицейлерден түлеп ұшқан шәкірттер еліміздің мақтан тұтар тұлғаларына айналып үлгеріпті. Оның ішінде Алматы қаласындағы қыз балаларға арналған және ер балаларға арналған лицей-интернаттардың жетістіктері де аз емес. Мұның бәрі зор мақсат жолында жұмыла кіріскен ерен еңбектің нәтижесі екені анық. Қоғамдық қор өзінің миссиясы ретінде мынаны алға тартады: «Білім мен тәрбие саласында отандық және халықаралық озық тәжірибелерге сүйене отырып, бәсекеге қабілетті және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға жағдай жасау арқылы еліміздің адами капиталының дамуына үлес қосу». Бұл миссияның отыз жыл бойы абыроймен орындалып келе жатқанына халық куә. Сонымен қатар, аталған қордың және оған қарасты білім ордаларының көздейтін негізгі құндылықтары: құрмет, жауапкершілік, адалдық, отансүйгіштік, ынтымақтастық және кемелдену деп белгіленген.



Жиынға қатысушыларға «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қорының 30 жылдығына орай дайындалған, «Білім-инновация» лицейлерінің тарихы, жетістіктері, ата-аналар пікірі және түлектері туралы ақпараттық, суретті кітап таратылды.

Астанадағы дүбірлі жиынға ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қатысып, құттықтау сөзімен бастап, үздік ұстаздарды, ардагер мамандарды мерекелік медальдармен марапаттады. Берік Уәли, Бибігүл Жексенбай, Асхат Аймағамбетов, Асқар Жұмаділдаев, тағы басқа белгілі тұлғалар жылы лебіздерін білдірді. Академик А.Жұмаділдаев «Білім-инновация» лицейлерінің бастауында тұрған бұрынғы «Қазақ-түрік лицейлері» туралы айта келіп, «Түрік бауыр-

лардың менеджменті, қазақ балаларының ақылы бірігіп, осындай керемет жеміс берді» деп атап өтті. Отыз жылдыққа орай «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қоры әнұранының сөзін жазған ақын Саят Қамшыгер ҚР Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкеновтың қаламгерлер атынан жолдаған құттықтау хатын оқыды. «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қорының президенті Дархан Өте жиналған қауымға ұжым атынан алғыс білдірді. Ресми бөлімнен кейін мерейтойлық жиын еліміздің өнер жұлдыздарының ән шашуына ұласты.

Қайырбек ШАҒЫР,
ҚР Журналистер одағының мүшесі.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайтынан немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тыйым салынады:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген иінтірегін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.

ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ МАУСЫМЫНДА

69 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ
34 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ



ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін, жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет

ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ
104



МИБ мөрінің жоғалуына байланысты «Жандосова, 59 В» оны жарамсыз деп тануды сұраймын. БСН 201140035476.

КӨРМЕ

ТІГІН ШЕБЕРЛЕРІ ой-сезімін Халықаралық квилт-фестивалінде паш етті

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі Халықаралық квилт-фестивалін өткізді. Оған этно-дизайн, көркем квилт, пэчворк (құрақ) әлемінің 100-ге жуық хас шебері, сондай-ақ Қазақстаннан, Өзбекстаннан және Қырғызстаннан келген креативті киім дизайнерлері қатысты.

Биылғы квилт-фестивалі «Жануарлар әлемін қорғайық» тақырыбында өтті. Онда республиканың түрлі қалаларынан (Алматы, Астана, Тараз, Жезқазған) қатысқан шеберлер тігін шеберлігі арқылы қоршаған ортаны, жануарлар әлемін сақтауға қатысты өз ойларын, идеяларын мен сезімдерін жеткізді. Жеңімпаздары да анықталып, марапатталды. Атап айтсақ, Маштакова Анна – 1-орын, Мамитниязова Наталья – 2-орын, ал Базарбаева Гүлшат 3-орынды иеленді.

Фестивальдің ашылуында жоба жетекшісі, Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің жобалау секторының меңгерушісі Кушенко Анна, Швейцарияның Алматыдағы Құрметті консулы Кочетова Мария, ТМД елдерінің және Түркияның сатылымдарды дамыту және маркетинг жөніндегі директоры Иванова Наталья, «Қазақстанның құрақ құрау шеберлері қауымдастығының» мүшесі Кривец Наталья құттықтау сөз сөйледі.

Іс-шара аясында келушілердің назарына «Magic Quilt» пэчворк клубының бірегей «Джинсы матасы бөлмесі» экспозициясы ұсынылды. Өзбекстаннан келген «BERNINA» дизайнері мен амбассадоры Марианна-ның таңғажайып «Өзгеше киім» топтамасы көрсетілді. Халықаралық квилт-фестиваліне 2000-нан астам адам қатысты.

Нұр ЖАМАЛ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БӘРЕКЕЛДІ!

ЗИЯТКЕРЛІК БАЙҚАУ

Алматылық оқушылар республикалық Президенттік олимпиаданың жеңімпазы атанды

21–24 қараша аралығында Қарағанды қаласында жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша Республикалық XVI Президенттік олимпиада өтті.

Зияткерлік байқауға еліміздің барлық аймағынан өңірлік және іріктеу турларының нәтижесінде іріктелген 199 оқушы қатысты. Олардың ішінде Алматы қаласындағы №178 мамандандырылған лицейдің 11-сынып оқушылары Марал Мырзабекова мен Әйгерім Тоқаева да бар.

Оқушыларға математика, физика, химия және биология пәндері бойынша тапсырма берілді. Олимпиаданың негізгі мақсаты – орта білім беру ұйымдары оқушыларының ішінен математика, физика, химия, биология пәндері бойынша дарынды балаларды

анықтау, олардың интеллектуалды дамуы мен кәсіби бағдар алуы үшін жағдай жасау, оқушылардың жаратылыстану-математикалық пәндерге қызығушылығын арттыру, теориялық білімдері мен дағдыларын тереңдету, жеке тұлға ретінде қалыптасуына және дамуына ықпал ету.

Президенттік олимпиадаға қатысушылардың жұмысын Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының халықаралық олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері және PhD докторлары бағалады. Байқау қорытындысы бойынша 2 оқушы



жоғары оқу орнының грантын иеленсе, 12 оқушы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің дипломымен, 2 оқушы грамотамен марапатталды. Айта кететін жәйт, алматылық 2 оқушы жүзден жүйрік танылып, Марал Мырзабекова I дәрежелі диплом – алтын медальді, Әйгерім Тоқаева II дәрежелі диплом – күміс медальді жеңіп алды.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімі
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел.: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCkxM2xrCHx6Bt1gga

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz



ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІ

АЛМАТЫҒА ЖЕҢІМПАЗДАР КЕЛДІ

Италияда өткен балалар мен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында қазақстандық жас шахматшылар үш медаль жеңіп алды

Монтесилвано қаласында өткен шахматтан жасөспірімдер арасындағы әлем біріншілігінде қазақстандық спортшылар 3 жүлделі орынмен оралды. Оның ішінде бір күміс және екі қола медаль. 14 жасқа дейінгі қыздар арасында күміс жүлдені алматылық Эльназ Қалиахмет қанжылады.

Ернұр
РЫСБАЙ

– Эльназ бұл чемпионатта жақсы өнер көрсетті. Оны ерекшелік тұрған алғашқы жарысына деген дайындығы. Федерация шахматшымызды мақтан тұтады, себебі бұл жас аралығындағы жарыста мықты қарсыластар аз болған жоқ. Шешуші ойынды грузиялық Анастасия Киртадземен өткізіп өзінің мықтылығын көрсетті, – деді Қазақстан шахмат федерациясының атқарушы директоры Гүлмира Дәулетова.

Чемпионатта 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында қола жүлдені Алдияр Ансат жеңіп алды, 7 жеңіс, 3 тең ойын мен 1 жеңіліспен жоғары деңгейдегі нәтиже көрсетіп отыр.

– Италияда өткен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы шахмат чемпионатына мықты қарсыластар жиналған. Біздің Ансат өте жақсы ойын көрсетті. Бұндай қиын чемпионатта қола жүлдені жеңіп алудың өзі үлкен нәтиже. Бізді қолдаған Freedom Broker серіктесімізге шахматшыларды дайындаумен осындай ма-

ңызды чемпионаттарға қатысуға көмектескені үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің талантты жастарымыз өзінің ең жақсы нәтижелерін көрсете беретініне сенімдіміз, – деді Г.Дәулетова.

Әлем біріншілігінде 16 жасқа дейінгі қыздар арасындағы чемпионатта қола жүлденің жеңімпазы алматылық Алуа Нұрманова атанды.

– Чемпионаттың деңгейі өте жоғары. Барлық спортшылар бар күш-жігерін салып қатысты. Менің қарсыластарымның қатарында ресейлік және қытайлық мықты спортшылар болды. Бұл қола жүлде 7 жылдық еңбегімнің жемісі десем, артық айтқандық емес, – деді А.Нұрманова.

Шахматтан әлем біріншілігіне 92 мемлекеттен 800 жуық спортшы қатысқан, Қазақстан құрамасының сапында 80 спортшы бақ сынады. Шахмат федерациясы жеңімпаздарға арнайы сыйақылары мен сыйлықтарын табыстайтын болады. Бұған дейін әлемдік біріншіліктерінен шахматтан Қазақстан құрамасы мұндай жоғары нәтиже көрсетпеген болатын.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



САЙЫС

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ФЕСТИВАЛІ

қала базарларындағы жастарға арналды

Өткен демалыс күндері Rakhat.kz сауда үйінде жастарға арнап ұлттық спорт түрлерінен жарыс өтті. Сайыста қазақша күрес, асық ату, арқан тартыс және қой көтеру секілді ойындар бойынша кәсіпкерлер өзара күш сынасты.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Ернұр
РЫСБАЙ

Іс-шараны базардағы жас кәсіпкерлерді салауатты өмір салтын ұстануға, араларындағы ауызбіршілікті арттыру мақсатында Жастар саясаты басқармасы ұйымдастырды.

– Біздің сауда үйіміз спорттық тауарларды сататын болғандықтан, мұндай іс-шаралар көптеп

дейді Rakhat.kz сауда үйінің директоры Нұркен Әубәкіров.

Жалпы, қазақтың ұлттық ойындарының барлығы дене шынықтыруға, ойлау қабілетінді жетілдіруге, епті болуға бейімдейді. Сауда орталығында ұйымдастырылған іс-шара жастың да, жасамыстың да ерекше қызығушылығын тудырғаны сөзсіз.

Ойында кәсіпкерлер тарапы үлкен қызығушылық танытты. Ұлттық ойындарға 100-ге жуық жас кәсіпкерлер мен базар жұмысшылары белсене қатысып қана қоймай, уақыттарын пайдалы әрі қызықты өткізді. Соның ішінде асық ату ойынына 50-ге жуық адам қатысты. Әртүрлі ұлт өкілдері де қазақтың ұлттық ойынына қызығып, бақ сынап көрді.

– Екі жасымнан бастап асық ойнағанмын, қазір балалық шағым қайта оралғандай болып отырмын, – дейді жарысқа қатысушы Әли Дәулетбай.

Айта кетейік, аталған іс-шара NEET санатына жататын жастарды қолдауға бағытталып отыр. Жобаға 20-ға жуық қала базарларындағы жастар келіп қатысты. Ашылу салтанатында ұйымдастырушылар фестивальдың басты мақсаты – жастар арасындағы қарым-қатынасын жақсарту екенін атап өтті. Жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

